



Kaspi RED бас шарты

Осы Kaspi Red бас шарты (бұдан әрі – Шарт) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен «Kaspi Bank» АҚ (бұдан әрі – Kaspi) және жеке тұлғаның (бұдан әрі – Клиент) арасында жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптары стандарт нысандарда айқындалады және оларды Клиент ұсынылған Шартқа толығымен қосылу арқылы қабылдай алады.

1. Мақсаты және реттеу саласы

1.1. Шарт Клиенттердің құқықтарының қорғалу деңгейін арттыру, шарттардың талаптарын жақсарту, Kaspi-мен және оның серіктестерімен өзара әрекет еткен кезде жаңа технологияларды қолдану және Клиенттерге қашықтан қызмет көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының қайта енгізілген талаптарымен сәйкестендіру мақсатында әзірленді.

1.2. Клиент Шартқа БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартына қол қою арқылы қосылады, оған сай Kaspi САТЫП АЛУҒА, соның ішінде БӨЛІП ТӨЛЕУГЕ ЛИМИТ береді. Kaspi Шарттың негізінде Клиентке Шот ашады және Клубтық карта шығарады.

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Шарттың және оларға сілтеме болған кезде жасалатын банк қарызы шарттарының, өтініштердің және Клиент пен Kaspi-дің арасында қатынастар туындауына байланысты ресімделетін өзге құжаттардың мақсаты үшін пайдаланылатын терминдердің, анықтамалар мен қысқарған сөздердің мағынасы мынадай:

- 1) **Kaspi.kz** – интернет-сайт және/немесе Kaspi.kz мобильді қосымшасы, Клиентке қашықтан банктік операцияларды жүргізуге, сондай-ақ Kaspi айқындаған тәртіппен және талаптарда шарттар мен Шоттар туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін электрондық банктік қызметтің компоненті;
- 2) **QR-код** – Kaspi-дің, Серіктестердің қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, Операцияларды, электрондық ақпараттық және транзакциялық банктік қызметтерді жүргізу технологиясы, ол Серіктесті, Клиентті, тауар (жұмыс, қызмет көрсету) туралы деректерді, Клубтық картаның деректемелерін сәйкестендіруге, сондай-ақ Kaspi қабылдайтын машинамен оқылатын штрихталған көрнекі кодтарды пайдаланып жүргізілген Операцияға нұсқаудың берілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- 3) **Авторизациядан өту** – Kaspi-дің Клубтық картаны пайдалану арқылы Операциялар жүргізуге рұқсаты;
- 4) **Банк күні** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын Астана қ. уақытымен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейінгі уақыт кезеңі;
- 5) **Бұғаттау** – Клубтық картаны және/немесе Шотты пайдаланып, Операциялар жүргізуге толық немесе уақытша тыйым салу;
- 6) **Сыйақы** – не қарыз сомасының пайыздық көрсеткішімен, не бекітілген сомада көрсетілетін, Клубтық картаға алған ақшаны пайдаланғаны үшін ақы, сондай-ақ Тарифтерге сай алған қызмет үшін ақы;
- 7) **Үзінді көшірме** – Клиенттің сұратуымен Kaspi жасақтайтын және Шот бойынша жүргізілген Операциялар көрсетілетін Шот бойынша үзінді көшірме;
- 8) **ҚР АҚ** – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- 9) **Ұстаушы** – Шарттың талаптарына сәйкес Клубтық картаны және/немесе Шотты пайдалануға құқығы бар жеке тұлға;
- 10) **БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты** – Клиент пен Kaspi-дің арасында жасалған банк қарызы шарты, оған сай Kaspi Клубтық картаға САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ береді;
- 11) **Қолжетімді сома** – САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ аясында Клиенттің сатып алуға пайдалана алатын ақша сомасы;
- 12) **Ай сайынғы төлем** – Клиенттің ағымдағы берешегін өтеу міндеттемесін орындау үшін Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартында көрсетілген және (немесе) Байланыс арналары арқылы хабарланған Шотты төлеу Күнінен кешіктірмей салынуға тиіс, Ақы төлеу шотында айқындалған ақша сомасы;
- 13) **Берешек** – Негізгі борыш, Овердрафт сомасын қосқанда, қарыз Операцияларының сомасы, есептелген, бірақ төленбеген Сыйақы, комиссия, айыппұл, өсімпұл, тұрақсыздық айыбы, төлемақы, Клиентпен жасалған шарттарда көзделген, Клиент төлеуге тиіс өзге төлемдер;
- 14) **Қарыз алушы** – Кредит берілген Клиент;
- 15) **Өтініш** – Клиенттің Kaspi шарттарын, соның ішінде Kaspi Red клубына қатысуға арналған, қарыз беру туралы шарттарды жасасу туралы ұсыныстары, сондай-ақ өзі болған сәтте немесе ДСЖК-ны, ЭЦҚ-

- ны, QR-кодты және/немесе Kaspi Ережесінде көзделген тәртіппен Клиенттің өзге ерік-қалауының растамасын қолданып, Байланыс арналары арқылы жолданатын өзге ақпарат қамтылған құжат;
- 16) **Байланыс арнасы** – Kaspi айқындайтын тәртіппен және талаптарда пайдаланылатын, Клиент пен Kaspi-дің арасында ақпарат беру құралдарының бірі: электрондық пошта (email), пошта байланысы, Kaspi.kz мобильді қосымшасы, интернет-банкинг, мобильді банкинг, телебанкинг, USSD/SMS-хабарлама, мессенджер арқылы хабарлама, телефон, факс, банкомат, POS-терминал, терминал, Жеке кабинет, интернет-киоск, интернет-бөлімше, әлеуметтік желідегі Клиенттің парақшасындағы хабарлама, Клиент туралы мәліметтердің негізінде сәйкестендіру арқылы Сайттағы, әлеуметтік желідегі Kaspi-дің ресми парақшасындағы, өзге интернет-ресурстардағы хабарлама;
- 17) **Клиент** – Kaspi-ге Өтініш білдірген және/немесе үшін Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартын жасасқан жеке тұлға;
- 18) **Клубтық карта** немесе **Карта** – САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ есебінен тауарларға және (немесе) қызмет көрсетуге ақы төлеу үшін Kaspi электрондық түрде шығаратын төлем карточкасы;
- 19) **Кредит** – САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ аясында Клиентке берілетін банк қарызы;
- 20) **ДСЖК** – динамикалық сәйкестендіру жүйесінің бір реттік коды, ол электрондық цифрлық символдардың бірегей бірізділігін білдіреді, Kaspi-дің қызметін пайдаланған кезде Клиенттің сұратуы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен жасалады;
- 21) **САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ** – Клубтың аясында Kaspi Қарыз алушыға Клубтық карта бойынша, соның ішінде бөліп төлеу арқылы зат сатып алуға беретін, Қарыз алушының біржолғы пайдалануында болуы мүмкін, қарыз Операциялары бойынша Негізгі борыш сомасының Kaspi айқындаған шекті мөлшері;
- 22) **Жеке кабинет** – Клиентті сәйкестендірген және аутентификациялаған кезде, Kaspi.kz арқылы кіруге болатын ақпараттық кеңістік, ол Kaspi айқындаған электрондық банктік қызметтерді Клиентке көрсетуге және шарттарда көзделген өзге мақсатқа арналған;
- 23) **Жеңілдік кезеңі** – Сыйақы есептелмейтін, Кредит беруге байланысты комиссия ұсталмайтын не кейбір қызмет ақысын төлеуге жеңілдік берілетін, не Негізгі борыш және/немесе Сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыратын, не Берешекті өтеудің жеңілдік тәртібі немесе Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартының талаптарын өзге жеке уақытша жақсартулар қолданылатын уақыт кезеңі, соның ішінде Kaspi айқындайтын грейс-кезең. Жеңілдік кезеңі бір немесе бірнеше адамға, бір немесе бірнеше Операцияға қатысты Kaspi айқындайтын уақыт аралығында қолданылуы мүмкін. Жеңілдік кезеңін беру талаптары Клиентке тиісті ақпаратты Сайтта жариялау арқылы және/немесе өзге Байланыс арнасы арқылы хабарланады;
- 24) **ХТЖ** – MasterCard WorldWide халықаралық төлем жүйесі / Visa International / American Express Card / JCB / Diners Club / China UnionPay / PPS PayPal халықаралық төлем жүйесі, Kaspi.kz төлем жүйесі және басқалары – бір-бірімен белгілі бір ережелермен және талаптармен біріккен және төлем карталарының технологияларын пайдалану негізінде өзара қарым-қатынас орнататын есеп айырысуға қатысушылардың және олардың есеп айырысу агенттерінің жүйесі;
- 25) **Телефон нөмірі** – Клиенттің ұялы телефонының нөмірі, оны шарттарды орындау мақсатында Клиент жеке өзі немесе Байланыс арналары арқылы хабарлайды;
- 26) **Қамсыздандыру** – Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Kaspi-ге берілген кепіл, кепілдік, кепілдеме, соның ішінде заттай кепілдеме және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін өзге тәсілдер;
- 27) **Қамсыздандыру жарнасы** – Клиенттің Kaspi-дің немесе үшінші тұлғаның алдындағы міндеттемелері бойынша Клиенттің Kaspi-ге беретін ақшасы;
- 28) **Операция** – Картаны пайдаланып, САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ есебінен тауарлардың және (немесе) қызмет көрсету ақысын төлеу, Шотты толықтыру немесе Шотта көрсетілуге тиіс, соның ішінде Клубтық картаны пайдаланып жасалатын кез келген транзакция;
- 29) **Негізгі борыш** – жүргізілген қарыз Операцияларының сомасын білдіретін, Клиент қайтармаған (төлемеген) Клиенттің Берешегінің бөлігі;
- 30) **Серіктестер** – Клиенттерге тауарлар мен қызмет көрсетулерді өткізетін жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалар;
- 31) **PIN-код** – автоматтандырылған режимде авторизациядан өткен кезде Клиентті сәйкестендіру үшін пайдаланылатын жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке цифрлық код;
- 32) **Есеп айырысу кезеңі** – бір жылға тең және Шартта көзделген тәртіппен есептелетін уақыт кезеңі;
- 33) **Сайт** – www.kaspi.kz және/немесе www.kaspibank.kz;
- 34) **Клиент туралы мәліметтер** – Кредит алу үшін, Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартын жасасу үшін және Картаны алу үшін Клиент ұсынатын, ықтимал клиент/Клиент туралы ақпарат (Сауалнамалар/Өтініштер), Клиенттің растамалары, келісімдері мен кепілдіктері қамтылған құжаттар мен мәліметтер, қол қойылған, Клиент Kaspi-ге берген және/немесе Клиент Байланыс арналары арқылы Kaspi көздеген тәсілмен хабарлаған Клиенттің деректері қамтылған өзге құжаттар мен мәліметтер;
- 35) **Кредиттеу мерзімі** немесе **Мерзім** – берілген Ақы төлеу шоттарына сай Кредит өтелуге тиіс уақыт кезеңі;
- 36) **Стоп-парақ** – жоғалған, ұрланған және бұғатталған Карталардың нөмірлерінің тізімі;

37) **Шот** – Kaspi-де ашылған Клиенттің банктік шоты;

38) **Kaspi Red шоты (Ақы төлеу шоты)** – Шотты төлеу Күні төленуге тиіс Ай сайынғы төлемнің мөлшері туралы хабарлама;

39) **ТКЖ (Kaspi төлем карталарының жүйесі)** – төлем карточкаларын пайдаланып төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жасауды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдық-техникалық іс-шаралардың жиынтығы;

40) **Тарифтер** – Kaspi-дің қызметімен байланысты, қызмет ақысын төлеген күні қолданылатын, Kaspi-дің қызметтері үшін бекітілген ақы мен комиссиялардың мөлшерлемелері;

41) **Терминал** – қолма-қол ақшаны қабылдау және (немесе) беру бойынша, соның ішінде төлем карточкаларын (алдын ала төленген төлем карточкаларын), электрондық ақшаны пайдаланып жасалатын операцияларды жүргізуге, сондай-ақ тиісті операциялардың жүргізілу фактісін растайтын құжаттарды жасауға арналған банкомат, электрондық терминал, ресайклер (ақша қабылдау және беру функциясы бар құрылғы), автоматтандырылған кассалар және өзге электрондық-механикалық құрылғылар;

42) **Техникалық овердрафт** – Клиенттің Операциялар жүргізуге байланысты Шоттағы меншікті ақшасының қалдығынан тыс немесе белгіленген САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТЕН тыс пайдаланған ақша сомасы, сондай-ақ Клубтық картаға қызмет көрсеткені үшін Тарифтерге сай комиссияны төлеу үшін берілген ақша сомасы;

43) **ЭЦҚ** – «Kaspi Bank» АҚ Куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасы;

44) **ЭБТҚ ережелері** – Сайттарда орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ-та электрондық банктік қызмет көрсету ережелері.

2.2. Шарттарда пайдаланылған кейбір терминдер мен анықтамалар Сайтта орналастырылған Клуб ережесінде айқындалған мағынада пайдаланылады.

2.3. Клиенттермен байланысу, соның ішінде Байланыс арналары арқылы байланысу, қарыздарды беру және банктік қызмет көрсету талаптарын түсіндіру, соның ішінде Шарт жарияланғанға дейін берілгендерін түсіндіру мақсатында 2.1-тармақта жазылған терминдердің мағыналарына ЭБТҚ ережелерінде көзделген анықтамалар қолданылуы мүмкін.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Қарыз алушының:

1) Кредит берілген күннен бастап есептелген Сыйақыны төлеп, Кредитті қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын және айып санкцияларының басқа да түрлерін төлемей, Кредитті мерзімінен бұрын қайтаруға;

2) Негізгі борышты немесе Сыйақыны өтейтін күн демалыс немесе мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын және айып санкцияларының басқа да түрлерін төлемей, Сыйақыны немесе Негізгі борышты одан кейінгі жұмыс күні төлеуге;

3) Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша борышты өтеу есебіне түсетін ақшаның (Негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және басқа да төленуге тиіс сомаға) бөлінуі туралы ақпаратты өтініш бойынша жазбаша түрде үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде айына көп дегенде бір рет ақысыз алуға;

4) кредитке берілген ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініш бойынша – Негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және басқа да төленуге тиіс сомаға бөлінген, қайтарылуға тиесілі соманың мөлшері туралы мәліметтерді жазбаша түрде үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз алуға;

5) Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартының талаптарын оларды Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннің ішінде Kaspi ұсынған жақсартатын талаптардан Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартында көзделген тәртіппен бас тартуға;

6) Алған қызметтер жөнінде даулы жағдайлар туындаған кезде Kaspi-ге жазбаша өтініш білдіруге;;

7) БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өтуі басталған күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде Kaspi-ге баруға және/немесе өзінің БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының талаптарына, соның ішінде: БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгертуге; банк қарызы шарты бойынша ай сайынғы төлемді банк қарызы шартында белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға азайтуға; шетел валютасымен берілген банктік қарыз бойынша негізгі борыштың қалдық сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгертуге; негізгі борыш және (немесе) Сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыруға; берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге; Кредиттің мерзімін өзгертуге; мерзімі өткізілген негізгі борышты және (немесе) Сыйақыны кешіруге, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың), банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялардың және өзге төлемдердің күшін жоюға; «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген тәртіппен ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің дербес өткізуіне; Kaspi-ге кепіл мүлкін беру арқылы БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты бойынша

міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынуына; шарт бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүліктің өткізілуіне байланысты өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімі өтуінің туындау себептері, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтер қамтылған жазбаша нысандағы және (немесе) Мобильді қосымша арқылы және (немесе) БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартында көзделген өзге тәсілмен өтініш беруге;

8) Банктер туралы заңның 132-бабының 5-тармағына сәйкес банк омбудсманына жазбаша өтініш білдіруге;

9) Үзінді көшірмені айына бір рет тегін алып тұруға құқығы бар. Клиенттің қалауы бойынша қосымша Үзінді көшірме берілген жағдайда, Үзінді көшірме Тарифтерге сай ақылы негізде беріледі. Kaspi Үзінді көшірмені Байланыс арналарының бірі арқылы жолдайды, бұл ретте үшінші тұлғалардың құпия ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігімен байланысты барлық қауіпті Клиент көтереді;

10) Картаны пайдалану ережесінде және Шарттың талаптарында көзделген тәртіппен Картаны бұғаттау немесе оны бұғаттан шығару туралы талабымен Kaspi-ге өтініш білдіруге;

11) даулы Операция (төлем құжатымен немесе сауда чегімен) бойынша шағымды Шотты дебеттеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жіберуге, олай болмаған жағдайда жасалған Операция расталған болып есептеледі және Kaspi кейінгі шағымдарды қабыл алмауы мүмкін;

12) Картаны тапсырғанда/оны бұғаттағанда және Kaspi-мен барлық есеп айырысуды жүргізген кезде Шартты бұзуға бастама көтеруге;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды іске асыруға құқығы бар.

3.2. Kaspi:

1) Банктер туралы заңның 57-бабының 4-тармағында көзделген, сондай-ақ Шартта белгіленген жағдайларда, Шарттың талаптарын оларды Клиент үшін жақсарту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге;

2) Клиент қарыздың кезекті бөлігін қайтару және (немесе) Сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік 40 күннен астам уақытқа бұзған кезде, қарыз сомасын және ол бойынша Сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;

3) Шарт бойынша өзінің талап ету құқықтарын Қарыз алушының келісімінсіз заңнамаға сәйкес үшінші тұлғаға толық немесе ішінара беруге, қайта беруге, сондай-ақ Берешекті өндіріп алу үшін коллекторлық агенттікке берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге беруге құқылы. Бұл ретте Kaspi мұндай тұлғаларға мұндай беруді, қайта беруді жүзеге асыруға немесе Берешекті өндіруге қажетті ақпаратты ашуға, сондай-ақ мұндай тұлғаларға тиісті құжаттарды ұсынуға құқылы;

4) өз қалауы бойынша САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТІҢ мөлшерін азайтуға, көбейтуге;

5) мұндай жаңа қызметтерді көрсету талаптарын баспада, Kaspi-дің сайтына жариялау арқылы немесе Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірі арқылы талаптарды назарға жеткізу арқылы Клиентке қызметтердің жаңа түрлерін көрсетуге құқылы. Kaspi Клиенттер үшін қызметтердің жаңа түрлерін көрсете бастаған жағдайда, қызметтердің мұндай түрлері Клиентке қызметтердің мұндай жаңа түрлерін көрсету үшін Kaspi белгілейтін тәсілмен білдірген оның келісімі бойынша көрсетіледі;

6) БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының қосымша лимиттер беруге;

7) Техникалық овердрафт беру есебінен Картаға қызмет көрсеткені үшін комиссияны Шоттан есептен шығаруға;

8) Клиент Kaspi-ге хабарласқан кезде онымен жүргізілетін келіссөздерді жазып алуға, сондай-ақ Клиентке қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында жазбаны осындай хабарласу фактісін растау үшін пайдалануға;

9) заңнамаға сәйкес Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша (талап ету) құқықтарын үшінші тұлғаға беруге құқылы. Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша (талап ету) құқықтары үшінші тұлғаға берілген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартының аясында Kaspi-дің Қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар мен шектеулер Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша (талап ету) құқықтары берілген үшінші тұлғалармен Қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданылады;

10) Шоттан және/немесе Клиенттің Kaspi-де ашылған кез келген банктік шоттарынан: - Операциялардың; - Тарифтерге сай Kaspi қызметі үшін комиссиялардың; - Шарттың және Картаны пайдалану ережесінің талаптарын бұза отырып, Картаны пайдалану нәтижесінде шеккен Kaspi-дің кез келген шығынының; - Клиентке тиесілі емес, Клиенттің Шотына қате аударылған ақшаның; - Клиенттің Kaspi алдындағы кез келген берешегінің, соның ішінде Клиентке қойылған, Kaspi үшінші тұлғалардан алған кез келген ақшалай талаптар бойынша берешектің, заңнамада және (немесе) Kaspi мен Клиент арасында жасалған шарттарда, алынған ақшалай талаптардың ережелерінде көзделген тәртіппен және талаптарда Kaspi есепке жатқызу үшін Клиентке қойған біртекті қарсы талаптардың және т.б. сомасын тікелей дебеттеу арқылы алуға;

11) Kaspi-дің комиссиялары төлемдік тапсырмада жеке белгіленбесе, Kaspi-дің комиссияларын Клиенттің Шотына есепке алуға аударылған ақшадан ұстап қалуға;

12) Шотқа ақша есепке жазылып қойылған жағдайда, Клиенттің ақшаны Шотқа есепке жазуға нұсқауын кері қайтарып алуын қабыл алмауға;

- 13) Шотты дебеттеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң Операция бойынша Клиенттің қойған шағымын қарауға қабылдамауға;
- 14) Клиент Шартта, Картаны пайдалану ережесінде көзделген өз міндеттемелерін бұзғанда, Kaspi-мен жасалған Бөліп төлеу және сатып алуға лимит бойынша мерзімі өткізілген берешек болғанда, Клиенттен Картаның жоғалғаны, ұрланғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы хабарламаны алғанда, Клиенттің Шотындағы ақшасына тыйым салынғанда және/немесе шектеу қойылғанда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің Шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатылған, Шотқа қойылған талаптар орындалмаған жағдайда, кейіннен Картаны алып қою және (немесе) Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен немесе аталған әрекеттерсіз бұзып, Картаны бұғаттауға, сондай-ақ берешек пен тұрақсыздық айыбын өтеуді талап етуге;
- 15) Төлем құжаттарында Kaspi-дің атауы, БСК (банктік сәйкестендіру коды), Клиенттің атауы, жеке сәйкестендіру коды, Клиенттің ЖСН, басқа да деректемелері көрсетілмеген не дұрыс көрсетілмеген жағдайда немесе цифрмен және сөзбен жазылған ақша сомасында алшақтықтар болса немесе төлем валютасы банктік шоттың валютасына сәйкес келмеген жағдайда немесе олар Шартқа сай Kaspi белгілеген және алып тастамаған шектеулерге сәйкес келсе, Шот бойынша операцияларды жүргізуден (нұсқауларды акцепттеуден) бас тартуға;
- 16) Картаны бұғаттаған кезде немесе оның қолданылу мерзімі өткенде Шот бойынша Операцияларды (тауарлар мен қызметтердің ақысын төлеу және т.б.) тоқтата тұруға;
- 17) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар немесе тұлғалар Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрғанда, Шоттағы ақшаға тыйым салған немесе басқа шектеу қойған жағдайда, Клиентке төлемдік Операцияны Авторизациядан өтуден және/немесе оның Шотынан ақша алу операцияларын жүргізуден бас тартуға;
- 18) Клиенттен Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес Шот бойынша операцияларды жүргізуге қажетті құжаттарды ұсынуын талап етуге;
- 19) Техникалық овердрафтқа жол берілген кезде осы Шот бойынша берілген барлық Карталарды бұғаттауға құқылы. Картаны бұғаттау және Шотқа ақша салу қажеттігі туралы ақпаратты Kaspi Байланыс арналарының бірі арқылы Клиенттің назарына жеткізеді;
- 20) Картаны пайдаланып Авторизация өткізілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейінгі мерзімде Kaspi төлем құжатын алғанға дейін Авторизациядан өту сомасында Шоттағы ақшаны бұғаттауға;
- 21) Клиенттің атына ашылған Шоттың жеке сәйкестендіру кодын біржақты тәртіппен өзгертуге, Шартқа және Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес осы Шоттан ақшаның қалдығын Клиенттің жаңа сәйкестендіру коды бар Шотына аударуға. Шот нөмірінің аталған өзгерісі туралы Клиентке мынадай бір немесе бірнеше әдіспен: Клиент Kaspi-ге келген кезде, қашықтан байланысу арналарымен, Банктің операциялық залдарына хабарландырулар ілу арқылы, сондай-ақ Kaspi-дің Сайттарында жариялау арқылы хабарлауға;
- 22) осындай өзгерістер күшіне енгенге дейін 15 (он бес) күн бұрын Kaspi-дің Сайттарында жариялау арқылы Шартқа және Картаны пайдалану ережесіне біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге;
- 23) Kaspi-дің Сайттарында жариялау арқылы Тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы. Kaspi Шартқа сай осындай өзгерістер туралы хабарлаған сәттен бастап 15 (он бес) күн өткенде өзгертілген Тарифтер өзгертілген түрінде дереу күшіне енеді;
- 24) Kaspi-ге төлем және басқа да құжаттарды, сондай-ақ Kaspi талап еткен және/немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және нысандарда ақпаратты бермеген жағдайда, Шот бойынша операцияларды жүргізуден (нұсқауларды акцепттеуден) бас тартуға;
- 25) Клиент Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, Картаны пайдалануды тоқтатуға және/немесе тоқтата тұруға, сондай-ақ оны қайта қалпына келтіруден, ауыстырудан және/немесе жаңа Карта шығарудан бас тартуға;
- 26) Картаны не оның деректемелерін, соның ішінде QR-кодты үшінші тұлғаларға берген кезде Картаны бұғаттауға, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және Клиенттен Kaspi-ге келтірілген барлық шығындарын (шығыстарын) өтеуін талап етуге;
- 27) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес Клиенттен заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында Шот бойынша жүргізілетін банк операцияларына қатысты кез келген ақпарат пен құжатты (оған қоса, бірақ шектелмей) талап етуге;
- 28) Клиентке өзінің қалауы бойынша Байланыс арналарының бірімен, соның ішінде Телефон нөміріне SMS-хабар жіберу арқылы хабарламалар мен ақпарат жіберуге;
- 29) қайта шығарған сәтте Kaspi Шарт бойынша өзі айналысқа шығаратын төлем карточкалары үшін қолданатын/пайдаланатын сипаттама (соның ішінде түрі, функциялары, сипаты, дизайны және т.б.) бойынша ғана Картаны қайта шығарып, Клиентке беруге;

30) өзінің қалауы бойынша Клиентке Kaspi.kz төлем жүйесінің немесе басқа төлем жүйесінің Картасын шығаруға құқылы.

3.3. Kaspi:

1) Есептелген Сыйақыны ұстап қалу арқылы, қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын немесе айып санкцияларының басқа да түрлерін алмай, Қарыз алушыдан ақшаны Кредитті ішінара не толық мерзімінен бұрын өтеу есебіне қабылдауға;

2) Қарыз алушының өтініші бойынша Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша борышты өтеу есебіне түсетін кезекті ақшаның (мерзімі өткізілген төлемдерді көрсетіп, Негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және басқа да төленуге тиіс сомаға) бөлінуі туралы ақпаратты жазбаша түрде үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде айына жиілігі бір рет ақысыз беруге;

3) Қарыз алушының кредитке берілген ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша – Негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және басқа да төленуге тиіс сомаға бөлінген, қайтарылуға тиесілі соманың мөлшерін оған үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз хабарлауға;

4) Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартында көзделген тәртіппен Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартының талаптарын оларды жақсарту жағына қарай өзгерту туралы Қарыз алушыға хабарлауға;

5) Міндеттемені орындау мерзімі өткізілген кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей Қарыз алушыға Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ Мобильді қосымша арқылы хабарлауға құқылы. Хабарламада: банк қарызы шарты бойынша хабарламада көрсетілген күнгі мерзімі өткізілген төлемдердің мөлшері; банк қарызы шарты бойынша мерзімі өткізілген төлемдерді төлеу туралы талап; Қарыз алушының банк қарызы шарты бойынша міндеттемелерді орындамауының салдарын түсіндіру; Банктер туралы заңның 61-бабының 2-тармағында айқындалған тәртіппен банк қарызы шартына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен қарыз алушының банкке өтініш білдіру құқығына нұсқау қамтылады;

6) Қарыз алушының жазбаша арызын қарастыруға және жазбаша жауап дайындауға;

7) Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 күннің ішінде Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартының ұсынылған өзгерістерін қарастыруға;

8) талап ету құқығын беру шарты жасалғанға дейін (талап ету) құқығының үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы Қарыз алушыға Байланыс арналары арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабарлауға;

9) Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша талап ету құқығын беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде үшінші тұлғаға банк қарызын өтеу бойынша кейінгі төлемдердің нысаналы мақсатын (шарт бойынша (талап ету) құқығы өткен тұлғаның атауы мен орналасқан жерін), берілген (талап ету) құқығының толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың мерзімі өткізілген және ағымдағы сомасының қалдығын, сыйақыны, комиссияны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және төленуге тиіс басқа соманы көрсетіп, Клиентке (немесе оның уәкілетті өкіліне) (талап ету) құқығының өткені туралы Байланыс арналары арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабарлауға;

10) Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын немесе төтенше жағдай енгізуге негіз болған жағдайлардың салдарынан зардап шеккен қарыз алушы-жеке тұлға банк қарызы шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініш берген кезде банк қарызы шарты бойынша комиссиялар мен өзге де төлемдер төлеуді талап етпей, Банктер туралы заңның 61-бабының 2-тармағының 2) тармақшасында және (немесе) 4) тармақшасында көзделген банк қарызы шартының талаптарына кемінде үш ай мерзімге өзгерістер енгізуге құқылы.

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушы-жеке тұлғамен жасалған банк қарызы шартының талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қарыз алушы өтініш берген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген қарыз алушының орташа айлық табысы қарыз алушы өтініш берген немесе атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген қарыз алушының орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеген жағдайда қабылданады;

11) Клиентке оның сұратуы бойынша банктік операцияларды жүргізудің жалпы шарттары, сондай-ақ Тарифтер туралы ақпаратты заңнамада көзделген тәсілмен, соның ішінде Сайтта жариялау арқылы ұсынуға;

12) Клиент Kaspi-ге Өтініш берген сәттен бастап 30 (отыз) банк күні ішінде Картаның деректемелері туралы ақпаратты беруге;

13) Карталардың авторизациядан өтуін және Kaspi-ге тиесілі электрондық құрылғы жүйелерінің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етуге;

14) Шартта белгіленген шектеулерді қоспағанда, барлық қажетті төлем құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде Клиенттің Шотына ақша аударуға;

15) Клиентке Kaspi-дің қалауы бойынша Байланыс арналарының бірі арқылы электрондық тәсілмен немесе Kaspi-дің бөлімшелерінде Тарифке сай Үзінді көшірме беруге;

16) Клиентке Картаны пайдалану ережесіндегі және Тарифтердегі барлық өзгерістер туралы Kaspi-дің қалауы бойынша мынадай бір немесе бірнеше әдіспен: Клиент Kaspi-ге келген кезде жеке өзіне, Байланыс арналарының бірімен, Kaspi-дің операциялық залдарына хабарландырулар ілу арқылы, сондай-ақ Kaspi-дің Сайттарында жариялау арқылы хабарлауға;

17) Берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге берген күні бұл туралы Қарыз алушыға Мобильді қосымша арқылы немесе Қарыз алушының Телефон нөмірі арқылы коллекторлық агенттіктің атауы, орналасқан жері, борышкерлермен байланыс орнату үшін коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлері көрсетілген СМС-хабарлама жіберу арқылы хабарлауға міндеттенеді.

18) заңнамада көзделген жағдайда, берешекті сыртқы қаржыландыру мақсатында қарыз берген кезде Клиенттің қарыз сомасын қайта қаржыландырылатын қарызды берген банктің (микроқаржы ұйымының) банктік шотына есепке жазуға келісімін алуға және ақшаны төлем мақсатында Клиент туралы (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі), сондай-ақ банк қарызы шарттарының (микрокредит беру туралы шарттар) нөмірлері мен күндері туралы мәліметтерді көрсетіп, банктің (микроқаржы ұйымының) банктік шотына аударуға;

19) заңнамада көзделген жағдайда, Клиент туралы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), сондай-ақ банк қарызы шарттарының нөмірлері мен күндерін көрсетіп, Kaspi-дің банктік шотына басқа банктен немесе микроқаржы ұйымынан төлем келіп түскен кезде, Клиенттен мерзімінен бұрын ішінара немесе толық өтеу туралы өтінішті талап етпей, ақша келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей нұсқауда көрсетілген қарыз (қарыздар) бойынша берешекті өтеу есебіне жіберуге **міндеттенеді**.

Қарызды толық мерзімінен бұрын өтеу үшін сома жеткіліксіз болған кезде, Kaspi банк қарызы шартында белгіленген тәртіппен оның банктік шотына түскен сомаға тең сомада қарызды ішінара мерзімінен бұрын өтейді. Осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген мерзімде Kaspi шартта көзделген тәсілмен және цифрлық объектілер арқылы Клиентке негізгі борыш, есептелген сыйақы және тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) бөлінісінде берешектің қалдығын көрсетіп, берешекті толық не ішінара мерзімінен бұрын өтеу туралы хабарлайды

3.4. Қарыз алушы:

1) Берешекті Шартқа, Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартына сәйкес өтеуге;

2) шарттар жасалған кезде ұсынылған деректерінің өзгергені туралы, соның ішінде: Т.А.Ө., мекенжайының, жеке басын куәландыратын құжаттардың, ЖСН, мобильді, үйінің телефон нөмірінің, жұмыс телефонының нөмірінің, жұмыс орнының (кіріс алу көзінің) өзгергені, жеке кәсіпкер мәртебесін алғаны туралы, сондай-ақ Қарыз алушының Кредитті қайтару және Сыйақыны төлеу қабілетіне және/немесе Қарыз алушыны сәйкестендіруге әсер етуі мүмкін кез келген жағдай туралы Kaspi-ге үш жұмыс күні ішінде Kaspi белгілеген тәртіппен және тәсілмен жазбаша немесе Байланыс арналары арқылы хабарлауға;

3) қолданыстағы Тарифтерге және Шарттың талаптарына сай Kaspi-дің қызметінің ақысын төлеуге;

4) Шот бойынша операцияларды жүргізгені үшін, егер олар жүргізілгенге дейін Kaspi-ге Картаны бұғаттау немесе оның күшін жою туралы өтініш жолданбаса, даусыз тәртіппен есеп айырысуға;

5) Өтініште көрсетілген тұрғылықты жерінің мекенжайының, Телефон нөмірінің, жұмысы мен үйінің телефон нөмірлерінің және басқа да деректерінің өзгеруіне байланысты барлық жағдайлар туралы Kaspi-ге осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде Kaspi-дің бөлімшесінде/филиалында Клиенттің қол қоюы арқылы жазбаша нысанда немесе осындай хабарлама үшін Kaspi-де көзделген тәсілмен және тәртіппен Байланыс арналары арқылы хабарлауға;

6) Картаға қызмет көрсеткені үшін комиссия төлейтін жағдайлардан басқа Техникалық овердрафтқа жол бермеуге;

7) Техникалық овердрафтты уақтылы өтеуге және Техникалық овердрафтқа (ол бар болса) жол берген жағдайда есептелген комиссияны төлеуге;

8) Картаның, Карта деректемелерінің сақталуын, Операцияларды жасау үшін пайдаланылатын өзге деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;

9) Kaspi-ге Картаны алуға, Тосқауыл қоюға, Стоп-параққа енгізуге байланысты барлық шығыстарды, егер Kaspi Клиенттің кінәсінен осындай әрекеттерді қолданса, даусыз орындалатын тәртіппен өтеуге;

10) Клиентке тиесілі емес ақша Клиенттің Шотына қате аударылған жағдайда, бұл туралы Kaspi-ге дереу хабарлауға және Үзінді көшірмені алған сәттен бастап немесе Kaspi-ден тиісті жазбаша хабарламаны алған сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде Шотқа қате аударылған ақшаны Kaspi-ге қайтаруға;

11) Kaspi-ден Байланыс арналарының бірі арқылы Шартты бұзу туралы хабарлама алған кезде, Картаны/карталарды қолдануды дереу тоқтатуға;

12) Шотта Картаны пайдаланып төлем жасалған кезде жазылған төлем құжатын орындауға қажетті ақша сомасының болуын қамтамасыз етуге;

13) Клиенттің кінәсінен немесе Картаға Тосқауыл қоюға байланысты Kaspi-дің шеккен шығыстары мен сот шығыстарын даусыз тәртіппен өтеуге;

14) Картаны пайдаланғаны үшін Kaspi алдында толық қаржылық жауапкершілік атқаруға және бақылауға;

15) Шот бойынша операцияларды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтауға;

16) Kaspi-дің талап етуімен Картаны пайдаланып жасалған валюталық төлемдер бойынша растайтын құжаттарды Kaspi-дің тиісті талабын алған күннен бастап 3 (үш) Банк күні ішінде беруге;

17) Картаның ұрланғаны, жоғалғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы Kaspi-ге дереу хабарлауға;

18) Клиент Картаны алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерде пайдаланған жағдайда, Клиент Картаны алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерде пайдалануын тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) Банк күні ішінде Картаны қайта шығару үшін Kaspi-ге өтініш білдіруге және қайта шығарылған сәтте қолданыста болатын Тарифтерге сәйкес Картаны қайта шығару ақысын төлеуге міндеттенеді. Аталған талаптарды сақтамаған жағдайда және осыған байланысты осы Карта бойынша алаяқтық Операциялар туындағанда, Клиент Kaspi-дің барлық шығыстарын, сондай-ақ Kaspi-ге Клиент келтірген залалды даусыз тәртіппен өтеуге тиіс. Шарттың мақсаттары үшін алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерге Kaspi-дің Сайттарында немесе ХТЖ сайттарында көрсетілген елдер жатады;

19) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына және Kaspi-дің талаптарына сәйкес Шотты ашуға және Клиентті сәйкестендіруге қажетті құжаттарды беруге міндеттенеді.

3.5. Қарыз алушының Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Kaspi-дің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге (қайта беруге) құқығы жоқ.

4. Қарыз алушы міндеттемелерін бұзған кезде Kaspi қолданатын шаралар

4.1. Клиент Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша және/немесе Қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде, сондай-ақ Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты жасалғанға дейін немесе жасалғаннан кейін Клиент ұсынған кез келген ақпарат Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартының қолданылу кезеңінде жарамсыз (шынайы емес) болса немесе болып қалса, әлдекім жасалған шарттардың талаптарын даулаған жағдайда, Kaspi қолданатын шаралар:

1) Клиентке қатысты шара қолдану туралы мәселені Kaspi-дің уәкілетті органының қарауына шығару; Берешекті соттан тыс және сот тәртібімен өндіру; Кредит беруді тоқтата тұру немесе тоқтату; Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартын біржақты тәртіппен бұзу;

2) Ақшаны (заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда): а) Қарыз алушының Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша мерзімі өткізілген міндеттемелерін (берешегін) орындау (өтеу) үшін Қарыз алушының кез келген банкте және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттарына төлем талаптарын қою арқылы даусыз тәртіппен; б) мерзімі өткізілген және ағымдағы міндеттемелерді орындау үшін Kaspi-дің төлем құжаттарының немесе төлем ордерінің негізінде Қарыз алушының Kaspi-дегі банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы алу (есептен шығару);

3) ҚР АҚ-тің 728-бабында көзделген шектеулерді ескере отырып, Клиенттен Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша барлық міндеттемелерін мерзімінен бұрын (талап жолданған сәттен бастап күнтізбелік он күннің ішінде) орындауын (соның ішінде мерзімінен бұрын Кредитті қайтаруын және Сыйақыны төлеуін) талап ету;

4) Клиенттің Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша міндеттемелерін бұзуына байланысты шығыстар мен шығындарды өтеуді Клиенттен талап ету;

5) егер заңнамада өзгесі тікелей көзделмесе, Клиенттен төлемді орындау мерзімі өткізілген әр күн үшін мерзімі өткізілген Негізгі борыш пен Сыйақы сомасының 0,5%, бірақ заңнамада және Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартында белгіленген шекті сомадан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуін талап ету;

6) Клиент қарыз алған кезде ұсынған кез келген деректің өзгергені туралы тиісті өзгерістер енгізілген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде хабарламаған жағдайда, Клиенттен он мың теңге мөлшерінде айыппұл өндіру;

7) қарыз Операцияларын жүргізуді тоқтата тұру;

8) САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТІҢ мөлшерін азайту, САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТІ қалпына келтіруді болдырмау;

9) Қамсыздандырудан ақы өндіріп алу және Қамсыздандыру туралы шарттарда көзделген өзге шараларды қолдану;

10) Клубтық картаны (және қосымша карталарды) бұғаттау;

11) Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартын орындаудан бас тарту;

12) күнтізбелік он күннен кешіктірмей Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өткізілгені және төлем жасау қажеттілігі туралы Клиентке Байланыс арналары арқылы, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі және өзге де Интернет-ресурстардағы Клиенттің жеке парақшасында, әлеуметтік желілердегі Kaspi-дің ресми парақшасында хабарламаларды

жариялау, месенджерлер немесе өзге коммуникация құралдары арқылы хабарламалар жолдау арқылы хабарлау;

13) Берешек сомасын қайтару жұмыстарын жүргізу немесе Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша құқықтарды үшінші тұлғаларға беру мақсатында банк құпиясын құрайтын ақпаратты және Клиент хабарлаған өзге де мәліметтерді, атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы кез келген үшінші тұлғаға, соның ішінде Клиенттің жұмыс берушісіне ашу;

14) электрондық банктік қызметтерді көрсетуді және қашықтан қызмет көрсетуді тоқтату немесе тоқтата тұру;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге шараларды қолдану.

4.2. Мерзімін өткізу туралы хабарламадан шығатын талаптар қанағаттандырылмаған кезде, Kaspi заңнамаға сай өндіріп алуға жол берілмейтін ақшаны қоспағанда, заңнамада көзделген тәртіппен Клиенттің кез келген банктік шоттарындағы ақшаны даусыз тәртіппен, соның ішінде төлем талабын қою арқылы өндіріп алуға құқылы.

Бұл ретте, егер Клиент Банктер туралы заңның 61-бабына сай өз құқықтарын пайдаланбаған болса, Kaspi (осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шаралардан басқа):

а) Банктің проблемалық активтерді басқару жөніндегі саясатына сәйкес Клиентке қатысты шаралар қолдануға;

б) Клиенттің берешегін сервистік компанияның құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқаруына беруге;

в) Клиенттің берешегін коллекторлық агенттікке заңнаманың талаптарына сәйкес сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге беруге;

г) Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) заңнама талаптарына сәйкес үшінші тұлғаға беруге құқылы. Басқаға берген кезде БӨЛІП ТӨЛЕУ ЖӘНЕ САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының аясында Kaspi-дің клиенттермен өзара қарым-қатынасына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен қойылатын талаптар мен шектеулер Шарт бойынша құқықтар (талап ету) табысталған үшінші тұлға мен Клиенттің құқықтық қатынастарына қолданылады.

д) берілген қарыздар (қарыздың бөліктері) бойынша сыйақының ең көп бекітілген мөлшерлемесіне берілген жеңілдіктерді алып тастауға;

е) қарыз Операцияларын жасауды тоқтатып қоюға;

ж) Берешек сомасын қайтару жұмыстарын жүргізу, Kaspi-дің Шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға толық немесе ішінара беру/қайта беру мақсатында банк құпиясын құрайтын ақпаратты және Клиент хабарлаған кез келген мәліметті кез келген тәсілмен (соның ішінде БАҚ-қа жариялау арқылы) кез келген үшінші тұлғаға, соның ішінде Клиенттің жұмыс берушісіне, коллекторлық агенттіктерге ашуға;

з) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кез келген өзге шараны қолдануға, соның ішінде Шартты орындау талаптарын өзгертуге, Шарт бойынша борыш сомасын өндіру туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

4.3. Клиенттің борыштық жүктемесінің ұлғаюына жол бермеу үшін Шартта аталған шараларды Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты не Қамсыздандыру туралы шарт бойынша кез келген басқа міндеттеме орындалмаған кезде не болмаса олардың орын алуына нақты қауіп төнгенде, соның ішінде Қарыз алушыда Кредит бойынша кезекті төлемді өтеу үшін қаражат болмаған кезде және оның түсуіне үміт жоқ болғанда, шарттар жасалған кезде немесе қарыз Операциялары жасалғанда Қарыз алушының шынайы емес мәліметтерді беру фактісі анықталғанда, Клиент сот процесіне тартылса және/немесе Клиенттің мүлкіне және/немесе оның шоттарына тыйым салынса немесе олардан ақы өндірілсе (немесе мұндай нақты қауіп болғанда), Клиентті психоневрологиялық диспансерлерге, психиатриялық клиникаларға, есірткіге немесе алкогольге тәуелділікті емдеу бойынша клиникаларға жатқызу туралы ақпаратты алған кезде, сондай-ақ, Kaspi-дің пікірінше, Қарыз алушының төлем жасау қабілетіне және оның Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындау мүмкіндігіне жағымсыз әсер етуі мүмкін өзге жағдайларда қолдануға құқылы. Сондай-ақ Берешекті мерзімінен бұрын өтеу туралы талап қойылған жағдайда, сондай-ақ Клиенттің міндеттемелерді тиісінше орындамауына елеулі қауіп төнген жағдайда, Kaspi берілген Кредит бойынша Сыйақы түріндегі кірістерді және Kaspi-ге тиесілі өзге төлемдерді, соның ішінде комиссиялар мен айып санкцияларын (тұрақсыздық айыбын және басқаларын) тануды және/немесе оларды алдағы уақытта есептеуді тоқтатуға құқылы.

4.4. Шартта көзделген жағдайларда, соның ішінде мына жағдайларда:

1) Қарыз алушы Kaspi-дің алдындағы өз міндеттемелерін бұзғанда;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Kaspi жүргізген мониторинг нәтижелері бойынша Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлағаны анықталғанда;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасының Kaspi-дің БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартын тиісінше орындауына әсер ететін талаптары өзгергенде немесе одан әрі Кредит беру талаптарын өзгерту туралы, Шарттан біржақты бас тарту туралы немесе өнімді беруді тоқтату туралы Kaspi шешімін қабылдағанда;

4) егер Қарыз алушының және/немесе Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның банктік шот(-тар)ындағы ақшаға тыйым салынса немесе ақы өндіріп алынса не болмаса нақты осындай қауіп

бар болса немесе Kaspi аталған тұлғалардың ақшасының есебінен орындай алмайтын инкассалық өкім және/немесе төлемдік талап-тапсырма қойылса;

5) Шартта көзделген өзге де жағдайларда немесе егер төменде аталған кез келген жағдай орын алса немесе, Kaspi-дің пікірінше, келесі кез келген жағдайға (оған қоса, бірақ шектелмей): Қарыз алушының/жұмыс берушінің Kaspi-ге жазбаша хабарлауының немесе Kaspi-ге басқа дереккөздерден түскен ақпараттың негізінде алынған Қарыз алушының жұмыс берушімен еңбек қатынастарын тоқтатқаны (соның ішінде алдағы уақытта) туралы ақпараттың болуына немесе анықталуына; әлдекімнің Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартының және/немесе Қамсыздандыру туралы шарттың және/немесе өзге шарттардың не болмаса олардың кейбір талаптарының жарамдылығын даулауына; Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғаның Kaspi-ге ұсынған құжаттарының және (немесе) ақпаратының шынайы және (немесе) толық болмауына; Қарыз алушының қайтыс болуына немесе хабар-ошарсыз жоғалуына; Қарыз алушыда үшінші тұлғалардың алдында Берешектен асатын сомада міндеттемелердің туындауына немесе анықталуына; Қарыз алушының өзінің кез келген растамасы мен кепілдігін бұзуына; Қарыз алушының заңнаманың талаптарын бұзуына (бұл Қарыз алушының Kaspi-дің алдындағы міндеттемелерін бұзуына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін); Қарыз алушының және/немесе Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның өздерінің үшінші тұлғалардың алдындағы кез келген міндеттемесін бұзуына; Қарыз алушы туралы жағымсыз ақпараттың анықталуына; Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты қолданыста болған кез келген уақытта Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына; Kaspi-дің талап етуімен Кредитті өтеу көзі болып табылатын кірісті көрсететін және растайтын (Kaspi-дің талаптарын қанағаттандыратын) құжаттардың берілмеуіне; Қарыз алушының және/немесе Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның азаматтығының өзгеруіне және (немесе) аталған тұлғалардың Қазақстан Республикасынан тысқары жерге уақытша немесе тұрақты тұруға кетуіне байланысты Қарыз алушының, Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты және/немесе Қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамауының (тиісінше орындамауының) қаупі бар болса, Kaspi Кредит беруді, Клиентке қашықтан қызмет көрсетуді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.

4.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізген кезде Kaspi Клиенттің телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы немесе өзге Байланыс арнасы арқылы Клиентке хабарлайды. Хабарламада: банк қарызы шарты бойынша хабарламада көрсетілген күнгі мерзімі өткізілген төлемдердің мөлшері; банк қарызы шарты бойынша мерзімі өткізілген төлемдерді төлеу туралы талап; Клиенттің банк қарызы шарты бойынша міндеттемелерді орындамауының салдарын түсіндіру; Банктер туралы заңның 61-бабының 2-тармағында айқындалған тәртіппен банк қарызы шартына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Клиенттің банкке өтініш білдіру құқығына нұсқау қамтылады.

Сондай-ақ Kaspi Клиент туралы мәліметтердің негізінде осындай коммуникацияларды пайдаланушыны Клиент ретінде сәйкестендірген жағдайда, Клиенттің әлеуметтік желілердегі және өзге Интернет-ресурстардағы жеке парақшасында хабарламалар жариялау, хабарламаларды мессенджерлер, өзге де байланыс құралдары арқылы жіберу арқылы Клиентке хабарлауға құқылы.

Хабарлама Клиентке:

Клиенттің хабарламаны алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін Байланыс арнасы арқылы, Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартында немесе Клиент Kaspi-ге Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартының аясында ұсынған өзге де құжаттарда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына; Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартында немесе Клиент Kaspi-ге Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартының аясында ұсынған өзге де құжаттарда көрсетілген тұрғылықты жерінің мекенжайына оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, соның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Клиенттің кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса, хабарлама жеткізілген болып саналады.

Хабарламаны адресатқа, алушыға табыс етудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ өзге Байланыс арналарын пайдаланған кезде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі қойылып қайтарған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып саналады.

5. Шектеулер

5.1. Kaspi үшін шектеулер. Kaspi-дің:

- 1) Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты жасалған күні белгіленген комиссияларды және қарызға қызмет көрсету бойынша өзге төлемдерді есептеу тәртібін және олардың мөлшерін ұлғайту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге;
- 2) жасалған Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартының аясында комиссияның жаңа түрлерін және өзге төлемдерді біржақты тәртіппен енгізуге;
- 3) егер қарыз беру туралы ережелерде сақтандыру шарттарын және Қамсыздандыру болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалау жүргізуге арналған шарттарды жасасу туралы талаптар көзделсе, сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда Қарыз

алушыны, кепіл берушіні шектеуге, сондай-ақ Қарыз алушыға өзінің өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге;

4) Қарыз (микрокредит) бойынша берешек өтелуге тиіс банктің (микроқаржы ұйымының) банктік шотынан басқа басқа банктегі немесе микроқаржы ұйымындағы қарызды (микрокредитті) сыртқы қайта қаржыландыру мақсатында берілген қарызды өзге шотқа аударуға;

5) Негізгі борышты немесе Сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түссе және Сыйақы немесе Негізгі борыш одан кейінгі жұмыс күні төленсе, тұрақсыздық айыбын немесе айып санкцияларының өзге түрлерін өндіруге құқығы жоқ.

5.2. Шот және Клубтық карта бойынша шектеулер:

1) Карта Шартта аталған шектеулер ескерілгенде, тек Клубтың Серіктестерінде сатып алынған тауарлардың/қызметтің ақысын қолма-қол ақшасыз төлеуге арналған;

2) САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ қолма-қол ақшамен алынбайды және Шартта және/немесе Картаны пайдалану ережесінде аталған жағдайларды қоспағанда, Карта Шоттан қолма-қол ақшаны алу, интернет желісінде төлемдер жасау үшін пайдаланылмайды;

3) Шоттан төлемдер тек Карта (оның деректемелері) арқылы ғана жасалады;

4) Шоттан төлемдер тек Қолжетімді сома есебінен жасалады;

5) Шотқа ақша түскен жағдайда, Клиенттің Шарттың, БӨЛІП ТӨЛЕУ ЖӘНЕ САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының аясында Kaspi-дің алдындағы және Клубтың аясында Магазиннің алдындағы міндеттемелерін қамсыздандыру үшін ақша Қамсыздандыру жарнасының шотына аударылады (Қамсыздандыру жарнасының талаптарында белгіленген шектеулер ескерілгенде). Өтінішке қол қою арқылы Клиент Kaspi-дің Шоттағы қалдық мөлшеріндегі ақшаны Қамсыздандыру жарнасына ұстап қалуына (аударуына) келісім/нұсқау береді. Ақшаны Қамсыздандыру жарнасына салу талаптары Сайтта орналастырылған;

6) Шоттан қолма-қол ақшаны (Сатып алуға лимит аясында Kaspi беретін ақшадан басқа) беру тек Kaspi-дің кассаларында кезектілік пен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге талаптарды, шектеулерді ескергенде, Клиент ұсынған кассалық шығыс құжатының негізінде қарызды өтеу үшін немесе Шотқа қойылатын акцептсіз тәртіппен орындалуға тиіс өзге нұсқау/талап бойынша төленуге тиіс сома шегерілгендегі Шоттағы ақша қалдығының мөлшерінде жүзеге асырылады.

5.3. САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ аясында Kaspi Шот және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ бойынша шектеулерді белгілеуге, жоюға, қайтадан қоюға құқылы. Шектеулер САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ немесе Шот бойынша Операцияны жүргізген кезде Kaspi-дің аталған әрекеттерді жүзеге асыруы арқылы белгіленеді, жойылады, қайта қойылады. Kaspi Клиентке аталған әрекеттер туралы мобильді қосымша арқылы немесе Kaspi-дің таңдауы бойынша басқа Байланыс арнасы арқылы хабарлауға құқылы.

6. Кредитті өтеу кезектілігі

6.1. Қарыз алушы салған төлем сомасы Қарыз алушының Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, ол Қарыз алушының берешегін мына кезектілікпен өтейді:

1) Негізгі борыш бойынша берешек;

2) Сыйақы бойынша берешек;

3) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

4) ағымдағы төлемдер кезеңі үшін Негізгі борыш сомасы;

5) ағымдағы төлемдер кезеңі үшін есептелген Сыйақы;

6) қарыз беруге және қызмет көрсетуге байланысты комиссия және өзге де төлемдер бойынша берешек;

7) орындауға байланысты Kaspi-дің шығасылары.

6.2. Байланыс арналары арқылы берілген Kaspi-дің тиісті ұсынысы болған жағдайда, Клиент Берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны бөлудің Kaspi ұсынған нұсқасын таңдауға құқылы.

7. САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТІҢ талаптары

7.1. Клиенттің Kaspi алдындағы берешегі Клиенттің қарыз Операциясын жүргізуі; Клиент төлеуге тиіс Сыйақыны, төлемақыны, комиссияларды есептеу; Берешектің туындауына әкеп соқтыратын өзге жағдайлардың нәтижесінде туындайды.

7.2. Kaspi-дің шотына ақша түскен күн Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша төлем жасалған күн болып саналады. Егер ақша Kaspi-дің шотына Төлем күні сағат 20.00-ге дейін түссе, мұндай төлемді Клиент ағымдағы күні жасаған болып саналады.

7.3. САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТІҢ мөлшерін Kaspi Клиент ұсынған ақпараттың, сондай-ақ кредиттік бюроньң деректер базасындағы ақпаратты қосқанда, басқа да мәліметтердің негізінде Клиентке кредиттік скоринг жүргізу және т.б. нәтижесінде өз бетінше белгілейді. Kaspi Клиентке жаңа/қосымша **САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ** беруге құқылы. Клиенттің Лимитті пайдалануы осындай **САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТІ** белгілеумен келіскені болады.

7.4. Кредит берілген сәттен бастап ол Клиентке қолжетімді болады. Кредит Клубтық картаны және Шотты

пайдалану арқылы ғана қолжетімді болады.

7.5. Клиентке **САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТІҢ** мөлшерін көбейту және/немесе өзгерту немесе жаңа Кредит беру туралы хабарлау Клиенттің Телефон нөмірі бойынша немесе Kaspi-дің таңдауымен өзге Байланыс арналары арқылы SMS-хабар жолдау арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте **САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ** бұрын белгіленген **САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТЕН** аз немесе көп болуы мүмкін және ол берілген күннен бастап Клиентке қолжетімді болады.

7.6. Комиссиялардың мөлшерлерін (соның ішінде уақытша) азайтатын жағдайларды қоспағанда, Кредитке қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар тек Тараптардың келісімі бойынша Шартта көзделген тәртіппен және жағдайларда өзгертілуге тиіс.

7.7. Техникалық овердрафт болған кезде және/немесе Клиентте Ай сайынғы төлемнің төленбеген бөлігі болған кезде келесі Ай сайынғы төлем Kaspi-дің қалауы бойынша Техникалық овердрафт және/немесе Ай сайынғы төлемнің төленбеген бөлігінің сомасына көбейтіледі.

7.8. Егер Байланыс арналары арқылы Kaspi өзгесін хабарламаса, Кредит белгіленген **САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТІҢ** негізде беріледі. Қолжетімді сома бұрын алынған әр Кредит (сатып алу) толық қайтарылғаннан кейін шамалас жаңартылады. Клиенттің Kaspi-дің, Магазиннің алдында мерзімі өткізілген берешегі болған кезде САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТІҢ аясындағы қолжетімді сома ұлғайтылмайды.

7.9. Kaspi Клиентке жаңартылатын немесе жаңартылмайтын негізде БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының аясында Сатып алуға Лимиттің ең көп сомасы шегінде қосымша Лимиттерді беруге құқылы.

7.10. Сатып алуға Лимит беру аталған іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін Kaspi-де көзделген Байланыс арналарының бірі арқылы Kaspi БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының талаптарына сәйкес Клиенттің келісімін алған жағдайда жүзеге асырылады, Сатып алуға Лимиттің ең көп мөлшері бес миллион теңгені құрайды.

7.11. Клиент Клубтық карта алу үшін соның ішінде Байланыс арналары арқылы Kaspi-ге хабарласып, Клуб ережесінде аталған талаптарды қабылдап, Клубқа мүше болады.

8. Кредитті өтеу тәсілдері мен әдістері

8.1. Өтеу тәсілі – қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәртіппен.

8.2. БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартында көрсетілген Мерзім, Шотты төлеу күні, Төлемге шот ұсыну күні Kaspi мұндай мүмкіндікті ұсынған жағдайда: Kaspi-дің ұсынысының болуымен шектелген Клиенттің таңдауы бойынша терминалдың интерактивті мәзірі, Клиенттің Жеке кабинеті, Kaspi.kz мобильді қосымшасы немесе өзге Байланыс арнасы арқылы немесе Kaspi-дің Kaspi.kz мобильді қосымшасында көрсетуі немесе Арналардың бірі арқылы Клиентке хабарлауы бойынша өзгертілуі мүмкін. Көрсетілген жағдайларда қосымша келісім жасасу талап етілмейді.

8.3. Kaspi Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын кез келген үшінші тұлғадан қабылдауға құқылы.

8.4. Клиент Берешекті мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеуге өтінішті жазбаша немесе Kaspi-де көзделген Байланыс арналары арқылы береді.

8.5. Кредит ағымдағы Ақы төлеу шотын төлеу Күніне дейін мерзімінен бұрын өтелген кезде сыйақы (егер көзделсе) Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шартының талаптарында анықталған (егер бұл кредит үшін оны берген кезде неғұрлым төмен мөлшерлеме белгіленбесе) мөлшерлеме бойынша есептеледі. Сыйақы мөлшерлемесі бекітілген сомада белгіленген жағдайда, төленуге тиіс сыйақы ағымдағы Ақы төлеу шоты бойынша төленуге тиіс сыйақы сомасына пропорционалды кредитті пайдаланған нақты күндер саны негізінде есептеледі. Бұл ретте Kaspi Клиент төлеуге тиіс сыйақының мөлшеріне жеңілдік беруге құқылы.

9. Айырбастау және ақпарат пен үзінді көшірмелерді беру

9.1. Тараптар екінші Тараптан алынған банктік, коммерциялық және басқа да ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Тараптар Шартты орындауға байланысты өздері алмасатын ақпаратты құпия деп санауға және Шарттың талаптарына сай жағдайларды және мұндай ақпаратты беру Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес міндетті болған жағдайды қоспағанда, оны екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз жария етпеуге келіседі.

9.2. Клиентке Үзінді көшірме Клиенттің Жеке кабинетіне орналастыру арқылы немесе Kaspi айқындаған өзге Байланыс арналары арқылы беріледі. Есеп айырысу кезеңінде Операциялар және Берешек болмаған жағдайларда, Үзінді көшірме жолданбауы мүмкін. Үзінді көшірме бес жылдан аспайтын кезең үшін беріледі.

9.3. Стандарт ережелерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің кез келген хабарламасы немесе сұратуы жазбаша түрде берілуге тиіс. Мұндай хабарлама немесе сұрату, егер ол Kaspi-дің мекенжайына поштамен немесе курьерлік байланыс арқылы жіберілсе, Kaspi-ге тиісті түрде жолданған болып саналады.

9.4. Байланыс арналарын пайдаланып, Клиент қажетті құпиялылық режимін қамтамасыз еткенін, барлық қажетті, соның ішінде зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалардан қорғану үшін техникалық және бағдарламалық ресурстары бар екенін растайды.

9.5. Хат жазысу, Операциялар жүргізу және мәмілелерді жасасу және өзге әрекеттер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда электрондық цифрлық қолтаңба не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғану әрекеттерінің элементтері қолданылған Байланыс арналары пайдаланылуы мүмкін.

9.6. Жазысқан хаттар мен хабарламалар және БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының аясындағы өзге құжаттар Клиент Өтінішті ұсынған тілде жасалады.

9.7. Поштамен хабарларды жіберу үшін Kaspi Клиенттің Өтініште көрсетілген пошталық мекенжайын, ал ол өзгерген кезде БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартын жасасқан кезде хабарланған мекенжайды пайдаланады.

9.8. Жаңа Тарифтер Kaspi-дің операциялық залдарында және/немесе Сайтта орналастырылған жағдайда, Клиентке Kaspi-дің Тарифтерінің өзгерістері туралы тиісті түрде хабарланған болып саналады.

9.9. Байланыс арнасы арқылы хабарлама жолданған күні Kaspi-дің БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартын біржақты өзгерткені туралы Клиентке тиісті түрде хабарланған болып саналады, оған пошта ұйымы берген күні жолданған болып саналатын пошталық хабарламалар қосылмайды.

9.10. Kaspi Клиент туралы мәліметтерді кредиттік бюроларға беруге және кредиттік бюроның Kaspi-ге ол туралы кредит есебін беруіне, сондай-ақ Тараптардың міндеттемелерді орындауына байланысты ақпаратты беруіне келісімді алды.

9.11. Картаны қайта шығаруға арыз (өтініш) беру арқылы Клиент Шартқа Картаны қайта шығаруға өтініш берілген күні қолданыста болған Тарифтердің қолданылатынымен келіседі және Шарт Тараптардың келісімі бойынша көрсетілген бөлігінде өзгерген болып саналады. Kaspi-дің пікірінше, Клиенттің әрекеттерінде қылмыстық белгілер бар болған жағдайларда, заңнамада көзделген тәртіппен, сондай-ақ Клиенттің жазбаша келісімдерінде аталған жағдайларда, Клиент Kaspi-ге банк құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпаратты және дербес деректерді анықтау және алдын ала тергеу органдарына ашуға және беруге құқық береді.

9.12. Шартқа қол қоя отырып, Клиент Kaspi-ге: Клиент пайда алушы немесе мүдделі тұлға болып табылатын шарттарды жасасу және орындау, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары болған кезде; оларды орындауға мәжбүрлеу немесе берешекті өндіру; Клиенттің құқықтары мен міндеттерінің тиісінше іске асырылуын қамтамасыз ету; биометриялық сәйкестендіру және / немесе аутентификациялау, мәліметтерді анықтау, соның ішінде алаяқтық операцияларға жол бермеу мақсатында; бұлтты және деректерді өңдеудің басқа технологияларын қолдану; шарттарды орындауға байланысты ақпаратты, үшінші тұлғалардың бірлескен бағдарламаларына (адалдық бағдарламаларына, бонустық бағдарламаларда және т.б.) қатысатын үшінші тұлғалардың мәліметтері мен ақпаратын Клиенттің, Kaspi серіктестерінің назарына жеткізу; сақтандыру, пошталық ұйымдарға, байланыс ұйымдарына беру; мерзімі өткізілген Берешекті өндіріп алу немесе Клиенттің өзге міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін коллекторлық ұйымдарға және өзге тұлғаларға беру үшін Клиенттің дербес деректерін жинауға, өңдеуге (соның ішінде автоматты түрде өңдеуге, бұлтты технологияларды қолдануға), сақтауға және пайдалануға (соның ішінде трансшекаралық беруге) келісімін береді.

9.13. Өтінішке қол қоя отырып, Клиент онда көрсетілген ақпараттың шындыққа сәйкес келетінін, Шартпен, соның ішінде Картаны пайдалану ережесімен, Клуб ережесімен танысқанын растайды және Kaspi-ге:

1) Шарттың талаптарында көзделген мақсаттарда Шоттағы ақша сомасы және Шарттың мерзімі шегінде оның Шотын, соның ішінде Шотқа қате аударылған ақшаны, сондай-ақ Kaspi-дің және/немесе Клиентпен жасалған уағдаластық бойынша өзге тұлғаның (мұндай құқықты растайтын құжаттарды ұсынған кезде) алдындағы кез келген берешек сомасын тікелей дебеттеуге;

2) Kaspi-де алаяқтық операциялар жөнінде күмән болған кезде немесе жіберушінің/салушының Шотқа ақшаны қате есепке жазғаны жөнінде күмән болғанда не болмаса үшінші тұлғалардың Картаны рұқсатсыз пайдалану қаупінің алдын алу мақсатында мән-жайды анықтағанға дейін Клиентке хабарламай Картаны/Операцияны бұғаттауға келісім береді. Бұл жағдайда Kaspi өзінің қалауы бойынша Картаны Бұғаттауға және/немесе Клиентті Операциялар жасаудан шектеуге құқылы, бірақ міндетті емес;

3) ол туралы дербес деректерді, соның ішінде банктік құпияны, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты байланыс қызметін, сақтандыру қызметін, бұлтты және деректерді өңдеудің басқа технологияларын қолдану қызметін, өзге қызметтерді ұсынатын үшінші тұлғаларға беруге, жинауға, өңдеуге (соның ішінде трансшекаралық беруге);

4) орындалмаған талаптар болғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай үшінші тұлғалардың өкімдері, соның ішінде тыйым, инкассалық өкім, төлем талаптары және басқалары болған жағдайда, Карта бойынша шығыс және кіріс операцияларын тоқтата тұруға;

5) Kaspi-дің Өтініште ұсынылған ақпаратты Клиентке қызмет көрсету (соның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары болған кезде) және алаяқтық операциялардың алдын алу мақсатында пайдалануына келісімін береді.

10. Клубтық картаға қызмет көрсету талаптары

10.1. Карта Клиентке Картаны пайдалану ережесінде көрсетілген тәсілдермен беріледі.

10.2. Карталарды пайдалану және Kaspi-дің Клиентке берген тиісті өкілеттіктерінің көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасында, тиісті ХТЖ, ТКЖ нормаларында, Шартта және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Карталарды пайдалану ережесінде (Шарттың № 1 қосымшасы) реттеледі.

10.3. Клиенттерге ТКЖ және/немесе Kaspi.kz төлем жүйесінің Карталары қосымша құжаттарды берусіз шығарылады. Клиенттің Kaspi.kz-те және (немесе) Терминалдарда Операцияларды жасауы және (немесе) Kaspi.kz-ке тіркелуі ТКЖ және/немесе Kaspi.kz төлем жүйесінің Карталарын шығаруға негіз болады. Өзге жағдайларда Карта Kaspi-дің қалауы бойынша шығарылуы мүмкін.

10.4. ТКЖ және/немесе Kaspi.kz төлем жүйесінің Карталары арқылы жүргізілетін Операциялар теңгемен жасалады.

10.5. ТКЖ Картасы шығарылған жағдайда, ол **САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шегінде тауарлардың және (немесе) қызметтің ақысын төлеу** үшін пайдаланылады.

10.6. ХТЖ Карталары осындай Карталарды және (немесе) олардың деректемелерін тікелей **САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шегінде тауарлардың және (немесе) қызметтің ақысын төлеу** үшін қолданған кезде (Kaspi мұндай мүмкіндік берген жағдайда), сондай-ақ операцияларды ТКЖ-ны қолданып жүргізу мүмкін болмаған жағдайларда пайдаланылады.

10.7. Kaspi-дің ХТЖ-мен есеп айырысу валютасы – АҚШ доллары. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде ХТЖ арқылы АҚШ долларынан басқа валютада жасалған Операция сомасы Kaspi-дің ХТЖ-мен осы Операция бойынша есеп айырысқан күнгі АҚШ долларына қатысты Операция валютасының ХТЖ белгілеген айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларына айырбасталады және Kaspi бұл соманы Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес белгіленген, Картаны пайдалану арқылы төлем жасалған кезде жасалған төлем құжаты Kaspi-ге түскен күні және уақытта қолданыста болған валюта айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларына балама сомада Шоттан акцептсіз тәртіппен алады.

10.8. Жүргізу валютасы Қазақстан Республикасының аумағында ХТЖ және/немесе ТКЖ арқылы жасалған Операция валютасынан басқа Шоттан Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес белгіленген, Картаны пайдалану арқылы төлем жасалған кезде жасалған төлем құжаты Kaspi-ге түскен күні және уақытта қолданысты болған валюта айырбастау бағамы бойынша Операция сомасына балама Шотты жүргізу валютасындағы сома акцептсіз тәртіппен алынады.

10.9. Шоттың валютасы Қазақстан Республикасының аумағында ХТЖ және/немесе ТКЖ арқылы жасалған Шотқа ақша аудару (толтыру) операциясы бойынша Операция валютасынан басқа болған жағдайда, Операция сомасы Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес белгіленген, Картаны пайдалану арқылы төлем жасалған кезде жасалған төлем құжаты Kaspi-ге түскен күні және уақытта қолданыста болған валютаны айырбастау бағамы бойынша Операция сомасына балама сомада Шот валютасында Шотқа аударылады.

10.10. Картаға қызмет көрсеткені үшін комиссия төлейтін жағдайлардан басқа Клиент жол берген Техникалық овердрафт тез арада өтелуге тиіс. Осы тармақта көзделген жағдайды қоспағанда, Клиенттің Техникалық овердрафтқа жол берген әрбір жағдайы Шарттың талаптарын елеулі бұзу болып саналады және Kaspi-ге Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқық береді.

10.11. Шарт бойынша Техникалық овердрафт бойынша комиссия (бар болса) төлеу міндеті туындаған сәттен бастап Шотқа түсетін ақша ағымдағы күнгі комиссияны төлеуге жіберіледі.

10.12. Картаның қолданылу мерзімі Kaspi-дің қалауы бойынша Байланыс арналарының бірімен назарға жеткізіледі.

10.13. Карта оның қолданылу мерзіміндегі соңғы күнге (қоса алғанда), айға және жылға дейін қолданылады.

10.14. Kaspi Клиентке Картаның қолданылу мерзімінің аяқталғаны туралы оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 10 күн бұрын Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірі арқылы хабарлайды.

10.15. Картаға қызмет көрсеткені үшін Комиссия мөлшері Тарифтерде белгіленеді. Техникалық овердрафт есебінен Картаға қызмет көрсеткені үшін комиссия төленген жағдайда, төленген комиссия бойынша берешекті өтеу Ақы төлеу шотына сай жүзеге асырылады. Қарыз мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, Техникалық овердрафт бойынша берешек мерзімінен бұрын өтелген күні бір мезгілде толық көлемде өтелуге тиіс.

10.16. Комиссия тиісті Есеп айырысу кезеңі үшін осындай кезеңнің бірінші күні төленеді. Есеп айырысу кезеңінің басталуы мынаған сай айқындалады:

1) Бірінші Есеп айырысу кезеңі – Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік бір жыл өткен соң.

Егер Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты жасалған күнге дейін бұрын жасалған ұқсас Шарт бұзылса, онда қолданыстағы Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша бірінші рет сатып алған күн бірінші Есеп айырысу кезеңі басталған күн болып табылады.

2) Кейінгі Есеп айырысу кезеңі – алдыңғы Есеп айырысу кезеңінің соңғы күнінен бастап.

26.04.2021 жылды қоса алғанға дейін жасалған Шарттар үшін:

1) Бірінші Есеп айырысу кезеңі – Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты жасалған күннен бастап бір жыл өткен соң бірінші рет сатып алған Шот бойынша көрсетілген күннен бастап.

2) Кейінгі Есеп айырысу кезеңі – алдыңғы Есеп айырысу кезеңінің соңғы күнінен бастап

Егер 26.04.2021 жылды қоса алғанға дейін, алдыңғы Есеп айырысу кезеңі өтсе, одан кейін Клиент Операциялар жүргізбесе, онда келесі Есеп айырысу кезеңі 26.04.2021 жылдан кейін бірінші рет сатып

алғанның алдындағы күннен басталады, ал кейінгі барлық Есеп айырысу кезеңдері алдыңғы Есеп айырысу кезеңінің соңғы күнінен бастап есептеледі.

10.17. Kaspi Картаға қызмет көрсеткені үшін Комиссияға жеңілдік беруге құқылы, ұсынылған жеңілдік ескерілгендегі Комиссияның мөлшері Тарифтерде белгіленеді.

10.18. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Картаға қызмет көрсеткені үшін Комиссияның мөлшері азаю жағына қарай өзгерген жағдайда, Клиент бұрын төлеген, соның ішінде Техникалық овердрафт есебінен төленген және Ақы төлеу шотына сай Клиент өтеуге тиіс (атап айтқанда Тарифтерге өзгерістер енгізілген күнге дейін) комиссиялар қайта есептелмейді және қайтарылмайды.

11. Шотқа қызмет көрсету талаптары

11.1. Kaspi Клиенттің Шотын ашады, оған қызмет көрсетеді, жабады және Клиент заңнамада, Шартта және Kaspi-де белгіленген шектеулерді ескере отырып, Операцияларды жасау үшін пайдаланатын Картаны береді. Kaspi Картаны электрондық түрде айналысқа шығарады, оның деректемелері туралы ақпарат Жеке кабинетте және (немесе) өзге Байланыс арналары арқылы, соның ішінде QR-код түрінде беріледі.

11.2. Шот бойынша операциялар Шартта көзделген тәртіппен, сондай-ақ Kaspi.kz-те операциялар жүргізген кезде, сондай-ақ Сайтта орналастырылған ЭБТҚ ережелеріне сай жасалады.

11.3. Шотты жүргізудің негізгі талаптары:

11.3.1. Карта шығарылған күні Клиентке Шот ашылады;

11.3.2. Шоттың жеке сәйкестендіру коды Клиентпен жасалған Бөліп төлеу шартында көрсетіледі немесе Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірі арқылы хабарланады;

11.3.3. Шот қазақстандық теңгемен жүргізіледі;

11.3.4. Шоттағы Ақша заңнамада, Шартта, Kaspi-де көзделген шектеулер ескеріліп, Операцияларды, соның ішінде Kaspi.kz, Мобильді қосымша, Терминал (мүмкіндік болған кезде) арқылы жасау үшін пайдаланылуы мүмкін;

11.3.5. Шот бойынша ақша аударуға және ақшаны есептен шығаруға байланысты Шот бойынша қызмет ақысы Операция жасалған сәттегі Kaspi-дің Тарифтеріне сай төленеді.

11.4. Клиент Kaspi-дің басқа ұйымдардан ақша түсу мерзімдерін бақылауға немесе реттеуге не ақша аударғаны үшін алынатын комиссиялардың мөлшеріне әсер етуге мүмкіндігі жоқ екенімен келіседі.

11.5. Клиенттің пайдасына қолма-қол ақшасыз төлеммен түскен ақшаны Kaspi тиісті түрде ресімделген төлем құжаттарының негізінде аударады.

11.6. Kaspi Шотты Kaspi-дің кассасы арқылы қолма-қол ақшамен толтыру операцияларын жасау бойынша және Kaspi айналысқа шығармаған төлем картасы арқылы Шоттың толтыру бойынша қолма-қол ақшасыз аударым жасаған кезде шектеулер белгілеуге құқылы.

11.7. Клиент уәкілетті органда жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, кәсіби медиатор ретінде тіркелген жағдайда, ол Шотты кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус қызметін, сондай-ақ жеке сот орындаушысы, кәсіби медиатор қызметін жүзеге асыру мақсатында пайдаланбауға міндеттенеді.

11.8. Шот бойынша операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада белгіленген күдіктілік критерийлеріне сәйкес келген жағдайда, Kaspi Шотты жапқанға дейін үш күннен кешіктірмей Клиентке хабарлап, Шотты жабуға құқылы.

11.9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Шарттың талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ тиісті ХТЖ өзге, Клиенттің төлеуі үшін Шотта көрсетілуге тиіс операциялардың сомасын ХТЖ-ға берудің неғұрлым ұзақ мерзімін белгілеген жағдайда, Шот Клиент өтініш берген күннен бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ кез келген жағдайда Клиент өтініш берген күннен бастап көп дегенде күнтізбелік 45 күннің ішінде жабылады. Бұл ретте Шот жабылған күннен бастап, ал Клиенттің Kaspi-дің алдында орындалмаған міндеттемелері бар болған жағдайда, осындай міндеттемелер толық көлемде орындалғаннан кейін және барлық есеп айырысу аяқталғаннан кейін Шарт бұзылған болып саналады.

Шот жоғарыда аталған негіздер бойынша жабылған жағдайда, Клиент Kaspi-ге Шотты жапқан күнгі Шоттағы ақша қалдығын Клиенттің Kaspi-де ашылған кез келген банктік Шотына аударуға тапсырмасын береді.

11.10. Kaspi «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қатысушысы болып табылады және 31.10.2008 жылғы №011 Күәліктің негізінде әрекет етеді. Мәжбүрлеп таратылған жағдайда Клиенттің шоттарынан ақша қалдығын қайтару бойынша Kaspi міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылады.

11.11. Kaspi Клиентке «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ басқару органы бекіткен нысан бойынша депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу туралы және кепілдік өтемді төлеу мерзімдері, тәртібі туралы www.kaspi.kz сайтына ақпарат орналастыру арқылы хабарлайды. БӨЛІП ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ЗАТ САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартына қол қою арқылы Клиент көрсетілген хабарламамен танысқанын растайды.

12 Тараптардың жауапкершілігі

12.1 Тараптар өздерінің Шартта көзделген міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

12.2 Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайлары: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге төтенше және осындай жағдайларда алдын алуға болмайтын жағдайлардың салдарынан міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

12.3 Kaspi Шарт талаптарының тиісінше орындалмағаны үшін заңнамада айқындалған тұрақсыздық айыбын (заңды тұрақсыздық айыбын) төлеуді талап етуге құқылы.

12.4 Клиент БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған не болмаса тиісінше орындамаған жағдайда, Kaspi-дің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиенттің кез келген мүлкін және мүліктік құқықтарын мәжбүрлеп өндіріп алуды қосқанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кез келген шараны қолдануға құқығы бар.

12.5 БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартында көрсетілген мерзімде Ай сайынғы төлемді өтеу міндеттемесінің орындалмауы Клиенттің БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты бойынша міндеттемелерін бұзуы болып табылады, бұл ретте Kaspi Ай сайынғы төлемдерді өтемегені немесе уақтылы төлемегені үшін БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартына сәйкес өсімпұл төлеуін талап етуге құқылы.

12.6 Kaspi:

- 1) егер Kaspi-ге байланысты емес себептерден Клиенттің ДСЖК және/немесе Клиенттің Кіру коды, QR-код, Жеке кабинеттің логині және/немесе паролі, Картаның деректемелері үшінші тұлғаларға қолжетімді болса, Kaspi-дің банк құпиясын құрайтын ақпаратты Байланыс арналары арқылы хабарлауынан не болмаса үшінші тұлғалардың Операцияларды жүргізуінен туындаған ықтимал шығындар мен өзге де жағымсыз салдар үшін;
- 2) Клиент қол қойған және берген тиісті жазбаша құжаттың негізінде (онда қамтылған ақпараттың шынайылығына қарамастан) өзі жасаған кез келген әрекет немесе әрекетсіздік үшін, сондай-ақ Клиент берген құжаттардағы қолтаңбалардың түпнұсқалығы үшін;
- 3) үшінші тарап Картаны төлеуге қабылдамаса;
- 4) техникалық себептерге (жұмыс істеуі Kaspi-ге байланысты емес байланыс желісінің немесе коммуникациялық жабдықтың істен шығуына) байланысты не болмаса үшінші тұлғаның Операция жасаудан бас тартуына (соның ішінде басқа банктердің Операция жасаудан бас тартуына немесе Картамен жасалатын Операциялар бойынша шектеулер енгізуіне) байланысты Операцияны жүргізуге мүмкіндік болмағаны үшін;
- 5) Операцияларды жасаған кезде Клиенттің қате әрекеттері үшін;
- 6) Жоғалған/ұрланған Картаны бұғаттау туралы талабымен Kaspi-ге уақтылы өтініш білдірмеуінің салдары үшін;
- 7) төлем құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары бұзылып ресімделген жағдайда, Шотқа ақша аударуды кешіктіргені/аудармағаны үшін;
- 8) Шотты ашуға, Картаны шығаруға қажетті құжаттардың толық пакетін бермеген жағдайда, уақтылы Шотты ашпағаны және Картаны шығармағаны үшін;
- 9) Байланыс арналары арқылы Үзінді көшірмелерді және кез келген ақпаратты жіберген кезде құпия ақпараттың жария етілу қаупі үшін жауапкершілік атқармайды.

12.7 Кез келген жағдайда Клиенттің алдындағы Kaspi-дің жауапкершілігі Kaspi-дің Клиентке әдейі немесе ерескел ұқыпсыздықпен жасалған әрекетінен немесе әрекетсіздігінен келтірілген, құжатпен расталған тікелей нақты залал мөлшерімен шектеледі. Жіберілген пайда, жанама, үстеме немесе кездейсоқ шығындар немесе залал, соның ішінде Kaspi олардың туындау ықтималдығы туралы хабардар болған жағдайларда өтелмейді.

12.8 Клиент кәсіпкерлік қызметке, нотариат қызметіне, адвокаттық қызметке, атқарушылық құжаттарды орындау қызметіне, медиация тәртібімен дауларды реттеу қызметіне байланысты операцияларды жүргізу үшін Шоттарды пайдаланған жағдайда, Клиент міндеттемені бұзуға байланысты барлық/кез келген шығынды Kaspi-ге толық көлемде өтейді.

12.9 Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша қарыз сомасын қайтару және (немесе) Сыйақы төлеу міндеттемесін бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткізілген тоқсан күн ішінде мерзімі өткізілген әр күн үшін мерзімі өткізілген төлем сомасының 0,5 пайызынан аспауға тиіс. Kaspi-дің негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомасы бойынша кез келген төлемді өтеу міндеттемесін орындау мерзімі қатарынан күнтізбелік тоқсан күн өткізілгеннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), сондай-ақ қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

12.10 Kaspi:

- 1) Клиенттің операциялары бойынша банк құпиясын ашқаны үшін жауапкершілік атқарады. Аталған операциялар жөніндегі мәліметтер үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ғана белгілі болуы мүмкін;
- 2) Шоттан дебеттелген сома, сондай-ақ осындай операция бойынша белгіленген комиссиялық сома шегінде қате жүргізілген операция үшін жауапкершілік атқарады. Бұл жағдайда Kaspi-дің жауапкершілігі қате жүргізілген операцияны жоюымен және аталған соманы қайтаруымен шектеледі.

12.11 Клиент:

- 1) Шарттың талаптарын, Картаны пайдалану ережесін тиісінше орындамағаны үшін – Kaspi шеккен шығыстар мен шығасылардың толық көлемінде;
- 2) Жоғалған/ұрланған Картаны бұғаттау туралы Kaspi-ге уақтылы хабарламаудың салдары үшін – Kaspi-дің шеккен және оған келтірілген шығындарының толық көлемінде;
- 3) Шотқа қате аударылған ақшаны Kaspi-ге қайтармағаны үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қате аударылған ақшаның мөлшерінде;
- 4) Карта бойынша операцияларды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтамағаны үшін;
- 5) Карта жарамсыз болып танылған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннің ішінде ХТЖ-ға төлеуге берген операциялардың сомасын уақтылы өтеу үшін;
- 6) Клиенттің кінәсінен Kaspi-дің шеккен шығыстары мен сот шығыстарын өтеу үшін – келтірілген залалдың толық көлемінде;
- 7) Клиент Картаның тоналу, ұрлану фактісі туралы немесе оны уәкілеттік берілмеген тұлғаның пайдаланғаны туралы алғаш хабарлағанға дейін Клиенттің Картаны рұқсатсыз пайдалануының нәтижесінде Тараптардың шеккен шығындарын өтеу үшін;
- 8) Картаға қызмет көрсеткені үшін комиссия төлейтін жағдайлардан басқа Техникалық овердрафтқа жол бергені үшін Тарифтерге сай әр күн үшін;
- 9) Шотты кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус қызметін, сондай-ақ жеке сот орындаушысы, кәсіби медиатор қызметін жүзеге асыру мақсатында пайдаланғаны үшін – келтірілген залалдың толық көлемінде жауапкершілік атқарады.

13. Шартқа өзгерістер енгізу, оны мерзімінен бұрын бұзу, одан бас тарту

13.1. Шарт Клиенттің атына Шот ашылған күні жасалған болып саналады.

13.2. Стандарт ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда ғана БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының талаптарын біржақты өзгертуге жол беріледі.

13.3. Kaspi БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы, талаптар өз қалауы бойынша Шартта көзделген тәртіппен Клиент үшін жақсарту жағына қарай ғана өзгертілуі мүмкін. Бұл жағдайда қосымша келісім жасасу талап етілмейді. Мұндай өзгерістер туралы Клиентке Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арнасы арқылы хабарланады. БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартын Клиент үшін жақсарту жағына қарай өзгерту, соның ішінде, егер Клиент кез келген себеппен мұндай өзгерістер туралы хабарламаны алмаса, Kaspi мен Клиенттің арасындағы қатынастарға қолданылады.

13.4. БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартына қол қоя отырып, Клиент үшін банк қарызы талаптарының жақсаруы, атап айтқанда:

- 1) банк қарызына қызмет көрсетуге байланысты көрсетілетін қызметтер үшін комиссияларды және өзге де төлемдерді азайту жағына қарай өзгерту немесе толық күшін жою;
- 2) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық күшін жою;
- 3) Сыйақы мөлшерлемесінің көлемін азайту;
- 4) БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартында көзделген, соның ішінде Клубтық Карта бойынша комиссиялардың және басқа да комиссиялардың мөлшерлемелерінің мөлшерін азайту;
- 5) САТЫП АЛУҒА ЛИМИТТІҢ мөлшерін ұлғайту;
- 6) Kaspi БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының қолданылуы кезеңінде Кредит лимитінің жаңартылуын қосады және бұл Қолжетімді қалдық әр толық өтелген қарыздың (сатып алу) сомасына ұлғайтылатынын білдіреді;
- 7) Кредит және/немесе Берешек бойынша сыйақыны капиталдандыру;
- 8) жоғарыда тұрған кезекке дейін төмендегі кезектегі Берешекті басымдықпен өтеуді кездейтін Берешекті өтеу кезектілігін өзгерту;
- 9) жаңа **САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ** беру;
- 10) кешірек мерзімге ауыстыру арқылы Шотты төлеу Күнін өзгерту;
- 11) қайта берілетін банк қарызының есебінен өтеу арқылы Берешекті қайта қаржыландыру;
- 12) кредиттеу мерзімін тиісінше ұлғайтып, Ай сайынғы төлем мөлшерін азайту;
- 13) Клиентке БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының талаптарының өзге жақсартуларын беру;

- 14) Берешекті өтеу бойынша төлем жасауды кейінгі қалдыруды ұсыну;
- 15) БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты бойынша комиссия мөлшерлемелерінің немесе сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін азайту;
- 16) пайызсыз кезеңді, жеңілдік кезеңін, промо-кезеңді беру/ұзарту;
- 17) банктік қызметті немесе қарыз талаптарын өзге қосымша жақсарту екенімен Клиент келіседі.
- 13.5. Клиент ұсынылған жақсартулардан бас тарту туралы жазбаша хабарламаны жолдап, БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының жүзеге асырылған жақсартулары туралы Клиентке хабарланған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннің ішінде Kaspi-дің біржақты тәртіппен жүзеге асырған БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының талаптарын өзгертуінен бас тартуға құқылы.
- 13.6. Kaspi Кредитке қызмет көрсетуге байланысты емес комиссиялар мен Тарифтерді біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Бұл жағдайда қосымша келісімді жасасу талап етілмейді. Кредитке қызмет көрсетуге байланысты емес Тарифтер мұндай банктік қызмет көрсетуді реттейтін шарттың талаптарына сәйкес өзгертілген түрінде күшіне енеді.
- 13.7. Берешек болмаған кезде БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты Клиенттің Өтініші бойынша бұзылуы мүмкін. Өтініш Жеке кабинет арқылы берілуі мүмкін. Kaspi-дің қалауы бойынша БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты Kaspi Клиентке Байланыс арналарының бірі арқылы хабарлаған сәттен бастап бұзылуы мүмкін (біржақты бас тарту). Берешек болған кезде Kaspi хабарлаған сәттен бастап жаңа қарыз беру тоқтатылады, ал Kaspi хабарлама бергенге дейін туындаған берешек толық өтелгеннен кейін тоқтатылатын Шарттың талаптарына сай өтеледі.
- 13.8. Мына негіздер бойынша:
- 13.8.1. Заңнамада және Шартта көрсетілген негіздер бойынша. Бұл ретте Kaspi Клиентке Байланыс арналарының бірі арқылы хабарлама жолдаған күннен бастап Шарт бұзылады, ал Шот жабылады;
- 13.8.2. Kaspi-дің немесе үшінші тұлғалардың орындалмаған талаптары болмаған кезде, Клиенттің Шотты жабу (Шартты бұзу) туралы Клиенттің қолы қойылған өтініші бар болған кезде;
- 13.8.3. Kaspi-де осындай әрекеттерді жүзеге асыру үшін көзделген Байланыс арнасы арқылы Шот пен Картаны жабу бойынша іс-әрекеттер жасалғанда;
- 13.8.4. БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты бұзылған жағдайда;
- 13.8.5. Клиент Картаны қайта шығарудан бас тартқан кезде немесе Kaspi Клиентке аталған негіз бойынша Шартты бұзатыны туралы хабарлаған жағдайда, Картаның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір айдың ішінде қайта шығармаған кезде, Kaspi Шарттың қолданысын тоқтатады, ал Клиенттің Шотын жабады.
- Егер Клиентпен осы Шарттың аясында бірнеше БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарттары жасалған жағдайда, Kaspi осындай БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарттарының кез келгенін өз қалауы бойынша және хабарламалар жолдамай бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзылатын (тоқтатылатын) БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты бойынша барлық міндеттемелер, құқықтық қатынастар, соның ішінде Берешекті өтеу тәртібі мен талаптары осы абзацта көзделген тәртіппен бұзылмаған, Клиентпен жасалған БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартымен реттеледі.
- 13.9. Шарт бұзылған кезде:
- 13.9.1. Шот бойынша ақша қалдығы (Сатып алуға Лимит аясында Kaspi беретін ақшадан басқа) кез келген банктік Шотқа аударылады, ал ол болмаған кезде – Клиенттен электрондық нысанда немесе қағаз жеткізгіште келіп түскен нұсқауға сәйкес аударылады;
- 13.9.2. Шарт ағымдағы Есеп айырысу кезеңінің алғашқы 3 айы ішінде Клиенттің бастамасымен бұзылған жағдайларды қоспағанда, Картаға қызмет көрсеткені үшін Клиент төлеген сыйақы қайтарылмайды. Бұл жағдайда осындай Есеп айырысу кезеңінде Картаға қызмет көрсеткені үшін комиссия алынбайды. Аталған Есеп айырысу кезеңінде комиссияны төлеуге алынған ақшаны Kaspi Шотқа қайтарады және ол Техникалық овердрафты (ол бар болса) өтейді;
- 13.9.3. Клиенттің Kaspi алдындағы барлық берешегі өтелуге тиіс.
- 13.10. Шартқа сәйкес Kaspi біржақты тәртіппен енгізетін өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, Шарттың барлық өзгерістері мен толықтырулары, егер олар жазбаша нысанда жасалса және оған қос Тарап қол қойса және/немесе Шартта көзделген тәртіппен оларға қол қоймаса, жарамды болады. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар, соның ішінде ХТЖ ережелері мен жұмыс рәсімдеріне Шарт бойынша Тараптардың арасындағы құқықтық қатынастарды қамтитын өзгерістер енгізілген жағдайда, Шарттың ережелері де сәйкесінше өзгертілген немесе толықтырылған болып саналады.
- 13.11. Kaspi Шарттың талаптарына өзгерістер немесе толықтырулар енгізген жағдайда, Клиент Шартты бұзғаны үшін қосымша комиссия төлемей, Kaspi-ге осындай өзгерістер немесе толықтырулар күшіне енген күнге дейін жазбаша хабарлама жолдап, Шарттан бас тартуға құқылы. Операцияларды жүргізу арқылы Клиент Шарттың жаңа талаптарымен келіскенін растайды.
- 13.12. Шарттың талаптарын өзгерту, Клиенттің сауалнамалық деректерін жаңарту парольді және/немесе бірреттік кодты және/немесе ЭЦҚ-ны енгізу немесе Kaspi айқындаған Клиентті сәйкестендірудің өзге әдісін қолдану арқылы Kaspi.kz мобильді қосымша, Терминалдар арқылы жүзеге асырылады. Шартты орындаған кездегі Тараптардың ЭЦҚ-ны пайдалану түрі, қолдану тәртібі және құқықтық салдары Интернет желісіндегі

<https://kaspi.kz/guide> мекенжайында орналасқан «Kaspi Bank» АҚ Куәландырушы орталығының регламентінде айқындалған.

13.13.Шартқа өзгерістер мен толықтырулар Байланыс арналарының бірі арқылы, Kaspi-де көзделген тәсілмен хабар алмасу арқылы, атап айтқанда Клиенттің Сайтта/Жеке кабинетте/терминалда немесе Клиенттің Телефон нөмірі арқылы Kaspi жіберген ДСЖК-ны, ЭЦҚ енгізу, Жеке кабинетте/Сайтта электрондық және өзге хабарлар мен құжаттар алмасу, Клиенттің Телефон нөмірі арқылы хабар (SMS) алмасу, өзгерістер/толықтырулар немесе құжаттарды жаңа редакцияда Сайтта немесе өзге Байланыс арнасы арқылы орналастыру арқылы (егер Клиент өзгерістер күшіне енетін күнге дейін оларды енгізуден жазбаша түрде бас тартпаса) және субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге де тәсілдермен енгізілуі мүмкін. Осы тармақта көзделген тәсілдердің бірімен жасалған мәліметтер тараптардың келісімі бойынша жазбаша түрде жасалған мәмілеге теңестіріледі.

13.14. Kaspi жазбаша өтінішті және заңнамада көзделген, Қарыз алушы ұсынған құжаттарды алған күннен бастап күнтізбелік 15 күннің ішінде БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының ұсынылған өзгерістерін қарастырады және Банктер туралы Заңның 61-бабының 3-тармағына сәйкес жазбаша түрде, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы не Байланыс арнасы арқылы Клиентке мына шешімдердің бірі туралы: БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының ұсынылған өзгерістерімен келісетіні; БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартын өзгерту бойынша қарсы ұсыныстары; заңнамада белгіленген нысан бойынша осындай бас тартудың дәлелді негізін көрсетіп, БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартын өзгертуден бас тартатыны туралы хабарлайды.

13.15. Шарттың 3.3.-тармағының 10) тармақшасында көзделген жағдайда, Kaspi кемінде үш ай мерзімге Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы шешім қабылдайды.

13.16.Клиенттің бастамасы бойынша Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі Банктер туралы Заңның 61-бабының 2-тармағының үшінші бөлігінде көзделген.

13.17.Қайта енгізілген ақылы қызмет көрсету Шартта көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

13.18.Kaspi Шарт жасалған сәтте Шартта көзделмеген жаңа қосымша ақылы қызметтерді ұсынған жағдайда, Kaspi Байланыс арналарының бірі арқылы, Сайттарға осындай жаңа қызметтерді көрсету талаптарын орналастыру арқылы Клиентке қосымша қызмет көрсетуді (қосуды) ұсыну туралы хабарлама жолдайды. Клиентке қосымша қызмет көрсету (қосу) Клиент қызметті алу бойынша іс-әрекеттерді жасау, Шартта көзделген тәсілдермен ақпаратты сұрату, қашықтан байланысу арналары арқылы қызмет көрсетуді растау сияқты жарияланған қосымша қызмет көрсету талаптарында көзделген әрекеттерді немесе өзге де әрекеттерді жасаған жағдайда жүзеге асырылады.

13.19.Қайта енгізілген тегін қызметтер Kaspi көрсеткен күннен бастап көрсетіледі, бұл ретте Kaspi өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен Клиентке хабарлайды.

14. Дауларды шешу және клиенттің өтініштерін қарау тәртібі

14.1. Клиент Картаны пайдаланып жасалған нақты шығыс операциясымен келіспеген жағдайда, Клиент Шот дебеттелген күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде осындай шағымның (бар болса) негізділігін растайтын құжаттарды қоса тіркеп, бұл туралы Kaspi-ге жазбаша нысанда хабарлайды. Kaspi-дің көрсетілген мерзім ішінде Клиенттен мұндай хабарламаны алмауы Картаны пайдаланып жасалған шығыс операциясының дұрыстығын растау болып саналады.

14.2. Kaspi Картаны рұқсатсыз пайдалану қаупін төмендету мақсатында даулы Операция бойынша тексеру жүргізген кезде, Клиенттің мүддесіне сай өз қалауы бойынша Картаны Бұғаттауды және/немесе оны алуды қосқанда, Клиенттің шығындары мен шығыстарының алдын алу шараларын қолдануы мүмкін.

14.3. Клиенттің шағымдарын қарау мерзімі ішінде Kaspi даулы Операция сомасына ақы мен комиссия есептейді, Клиент оларды Шартқа және Тарифтерге сай төлеуге тиіс. Картаны пайдаланып жүргізілген даулы Операция бойынша Клиенттің шағым келтіруі Клиентті Шартқа сәйкес төлемдерді жасау міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

14.4. Егер Клиенттің даулы Операция бойынша шағымдарын Kaspi негізді деп таныса, Kaspi мұндай Операцияның сомасын немесе оның баламасын қайтарады. Kaspi негізді шағым бойынша Клиентке ақшаны тек ол Kaspi-ге қайтарылғаннан кейін ғана Kaspi-дің және/немесе ХТЖ-ның нормалары мен ережелерін сақтай отырып, қайтарады.

14.5. Клиенттің даулы Операция жөніндегі өтініші бойынша жүргізілген тексерудің нәтижесінде Клиенттің шағымы негізсіз деп танылған жағдайда, Kaspi Клиенттен мұндай даулы Операция бойынша Kaspi-дің қызметтік тексеру жүргізуіне байланысты Kaspi-дің барлық шығыстарын нақты құны бойынша өтеуін талап етуге құқылы.

14.6. Kaspi Клиенттің өтініштерін, соның ішінде рұқсатсыз төлем жөніндегі, сондай-ақ Картаны пайдалануға байланысты өзге даулы операциялар туындаған кездегі өтініштерін осындай өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде қарайды.

14.7. Қазақстан Республикасының резиденті емес банктің желісінде Картаны пайдаланып операция жүргізілген жағдайда, Клиенттің өтініштерін қарау мерзімдері мұндай өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен, бірақ көп дегенде күнтізбелік 30 күнге асуы мүмкін, бұл туралы өтініш білдірушіге қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік 3 күннің ішінде жазбаша нысанда хабарланады.

14.8. Карта бойынша рұқсатсыз төлем жасалған кезде Клиентке шығын келтірілген жағдайда, Клиент рұқсатсыз төлемнің жасалуындағы Kaspi-дің кінәсін растайтын құжаттарды берген кезде, Kaspi Клиенттің тиісті жазбаша талабын алған сәттен бастап 30 күннің ішінде рұқсатсыз жасалған төлем мөлшерінде келтірілген залалды өтеуге міндеттенеді.

14.9. Шарттың Тараптары олардың арасында даулар, қайшылықтар және келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу бойынша шаралар қолданады (соның ішінде, мыналарды қоса: шағымдық жұмыстарды жүргізу, талаптар мен хабарламалар жіберу, факсимильдік байланыс арқылы және заңда тыйым салынбаған басқа да байланыс құралдарын пайдаланып, хатпен, электрондық хабарлармен, SMS-хабарлармен алмасу). Тараптар дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу бойынша қолданылған шаралардың нәтижесінде келісімге келмеген кезде, дау Kaspi-дің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешуге беріледі.

14.10. Клиент пен сауда/сервис кәсіпорнының арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Kaspi-дің қатысуынсыз шешіледі. Клиентке ақы төлеуге қойылған Операциялар бойынша даулар туындаған жағдайда, оған Kaspi кеңестер береді.

14.11. Тауарларға, жұмыстарға және қызмет көрсетуге қатысты Клиент пен Серіктестің арасында қатынастар Kaspi-дің қатысуынсыз шешіледі. Kaspi барлық жағдайларда тауарларды жеткізу/жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету шартын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

14.12. Kaspi ақысы Карта арқылы төленген, қайтарылған тауар үшін Серіктестің қайтарған ақшасының Клиенттің шотына аударылуын қамтамасыз етеді, бұл ретте ақшаны қайтару операциялары тек қолма-қол ақшасыз жасалатын тәртіппен, сауда/қызмет көрсету орны ресімдеген чектің/Слиптің негізінде Шотқа ақшаны есепке жазу арқылы жүргізіледі.

15. Қорытынды ережелер

15.1. Kaspi Байланыс арналарының біреуі арқылы алынған Клиенттің өтініші бойынша Клиентке банктік шоттарды қашықтан ашу бойынша электрондық банктік қызметті ЭБҚК талаптарында көзделген жағдайларда, тәртіппен және талаптармен көрсетеді.

15.2. Картаның қолданылу мерзімінің өтуі БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының қолданысын тоқтатпайды.

15.3. Кредит беруге, Шот ашуға қажетті құжаттарды қабылдау Kaspi-дің мұндай құжаттарды міндетті түрде жасасуына әкелмейді. Шарттарды белгіленген тәртіппен жасасқан сәтке дейін Kaspi Шартта көзделген қызметті көрсетуге және міндеттемелерді орындауға міндетті емес.

15.4. БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты, оның қосымшаларын қоса алғанда, Клиенттен алынған өтініштер/құжаттар/ақпарат, сондай-ақ Kaspi-дің Клиентке жолдайтын, қолтаңба мен мөр қойылуы тиіс құжаттарын Kaspi қолтаңбаны және мөрдің бейнесін (бар болса) факсимильдік көшіру құралдарын және/немесе уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-сын пайдаланып ресімдейді. Бұл жағдайда БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты және онымен байланысты құжаттар ҚР АҚ-тің 152-бабына сәйкес ресімделген, атап айтқанда, жазбаша нысанда жасалған болып табылады.

15.5. Шарттың талаптарында және заңнамада реттелмеген бөлігінде Шартты орындаумен байланысты мәмілелер (соның ішінде БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының талаптарын өзгерту) Байланыс арналары арқылы хабарлармен алмасу арқылы, Kaspi көздеген тәсілмен, атап айтқанда, ДСЖК-ні, ЭЦҚ-ны енгізу, электрондық және өзге құжаттармен алмасу арқылы және басқа да тәсілдермен жасалуы мүмкін.

15.6. БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты мен осы Шарттың жиынтығы Кредит лимитімен төлем картасын беру туралы шарт болып табылады.

15.7. БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты жасалған күн және БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартының тіркеу нөмірі сәйкесінше Өтініштің күні мен тіркеу нөмірі болып табылады.

15.8. Шарт бойынша Kaspi-дің жазбаша келісімімен ғана Шарт бойынша Клиенттің кейбір құқықтары мен міндеттерін беруге жол беріледі.

15.9. Поштамен хабарлар жіберу үшін Kaspi Өтініште көрсетілген Клиенттің пошталық мекенжайын, ал ол өзгерген кезде – Kaspi-ге Шартқа сай хабарланған мекенжайды пайдаланады.

15.10. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

15.11. Kaspi-дің деректемелері: мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154 «А», E-mail: help@kaspi.kz.

Kaspi Red бас шартына №1 қосымша

Картаны пайдалану ережесі

1. Картаны алу

Карта Ұстаушыға Байланыс арналары арқылы электрондық түрде (техникалық мүмкіндік болғанда) беріледі.

Карта Kaspi-дің айқындаған Байланыс арналарының бірімен немесе бірнешеуімен хабарланған мерзімнің соңғы күніне (қоса алғанда) дейін жарамды.

Картаны, Жеке кабинетке, Мобильді қосымшаға, соның ішінде осындай қолжетімділік жүзеге асырылатын құрылғыға қол жеткізуді басқа адамдарға, соның ішінде сенімхат бойынша немесе кепіл ретінде беруге тыйым салынады.

2. Картаны пайдалану

Карта сауда және қызмет көрсету орындарында және Kaspi.kz-те тауарлар мен қызмет ақысын төлеу үшін пайдаланылады.

Карта бойынша операциялар, Картаның деректемелері туралы ақпаратты және басқа да мәліметтерді Kaspi.kz-те көруге болады.

3. Картаны қайта шығару

Картаның қолданылу мерзімі аяқталған соң Kaspi өз бетінше қайта шығарады.

Ұстаушыға Карта Байланыс арналарының біреуімен Картаның деректемелерін электрондық түрде хабарлау арқылы немесе Kaspi-дің қалауы бойынша өзге тәсілмен беріледі.

Kaspi қайта шығарған сәтте Kaspi Шарт бойынша өзі айналысқа шығаратын төлем карточкалары үшін қолданатын/пайдаланатын сипаттама (төлем карталарының жүйелері, функциялары, сипаты, талаптары, тарифтері және т.б.) бойынша Картаны қайта шығарып, Ұстаушыға береді.

4. Картаны бұғаттау

Егер Сіз Картаның жоғалғанын анықтасаңыз немесе оның заңсыз пайдаланылғаны туралы Сізге белгілі болса, немесе Сіз Мобильді қосымшаға, осындай қолжетімділікті жүзеге асыратын құрылғыға кіре алмасаңыз, Kaspi.kz-тегі Жеке кабинетте Картаны немесе Мобильді қосымшаны бұғаттаңыз немесе Қазақстан бойынша ұялы телефоннан тегін 9999 телефон нөміріне (шетелден телефон соққан кезде +7 (727) 258 59 65, 258-59-89 телефон нөміріне) хабарлаңыз.

Бұғаттау туралы талапты Ұстаушы қойған болып саналады және Kaspi Картаны немесе Мобильді қосымшаны бұғаттаудың салдары үшін айтылған шағымдарды қабылдамайды.

5. Картаны пайдаланған кездегі қауіпсіздік шаралары

Арнайы Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін Сіздің әр зат сатып алғаныңыз Kaspi-ден SMS-хабар/Push-хабарлама жолдау арқылы сүйемелденеді. Бұл Сізге сатып алған заттарыңызды әрдайым көріп, бақылап отыруыңызға мүмкіндік береді. Картаңызбен рұқсатсыз жүргізілген операциялар бойынша SMS-хабарларды/Push-хабарламаны көре салысымен Картаңызды бұғаттаңыз.

Картаны алғанға дейін және Шартты жасасқанға дейін Ұстаушы/Клиент қауіпсіздік рәсімдерін сақтау және қамтамасыз ету мақсатында өзін фотоға/бейнетүсірілімге түсіруге келісімін береді. Ұстаушының/Клиенттің фотосын/бейнесуретін Kaspiге беру және Kaspi-де болуы Шартты жасасудың міндетті және елеулі талабы болып табылады.

6. Картаны пайдаланған кездегі міндетті талаптар

- Картаны, Мобильді қосымшаға, соның ішінде осындай қолжетімділік жүзеге асырылатын құрылғыға қолжетімділікті басқа тұлғаларға бермеңіз;

- Картаңыз туралы деректерді (картаның деректемелерін, соның ішінде картаның нөмірін, картаның қолданылу мерзімін, операцияны растау кодын (ДСЖК), Kaspi.kz-ке кіру үшін пайдаланатын логиніңіз бен пароліңізді) соның ішінде телефон арқылы да хабарламаңыз;

- Дербес деректеріңізді ешкімге хабарламаңыз. Сіздің пароліңізді, паспортыңыздың нөмірін, Картаның нөмірін, банктік карта бойынша соңғы операциялар туралы ақпаратты немесе басқа құпия ақпаратты сұратқан кез келген компанияға, сайтқа немесе тұлғаға күмәнмен қараңыз;
 - бөтен сайттардағы интернет-ресурстар арқылы картаның деректерін (деректемелерін) бермеңіз;
 - интернет-ресурстардың атауының дұрыстығын тексеріңіз, сайттың мекенжайы өзгертілуі мүмкін және Kaspi-дің ресми Сайтына сәйкес келмеуі мүмкін;
 - Картаны, мысалы, тауар немесе қызмет ақысын төлеген кезде қараусыз қалдырмаңыз.
 - Операция жүргізгеннен кейін Картаның Сізге тиесілі екенін көз жеткізіп, Картаңызды алуды ұмытпаңыз.
 - Электрондық поштаңызға жолданған хаттарға немесе жеке деректеріңізді не Картаңыз туралы деректерді сұрайтын ұтыстарға қатысу ұсыныстарына жауап бермеңіз.
- Карта туралы деректерді алудың ең қауіпті тәсілдерінің бірі алаяқтардың Сізге Kaspi-дің, төлем жүйесінің немесе қандай да бір сайттың атынан хабарласуы екеніне назар аударыңыз.
- Бұл үшін карта бойынша дербес деректерді беруіңізді немесе ауыстыруыңызды сұрап, электрондық хат, ұтыстарға қатысуға сілтеме жолдайды, телефон соғады.

7. Шағымдарды қарастыру

Ұстаушы шағымдарын Kaspi-ге Қолдау көрсету қызметіне жазбаша түрде және электрондық түрде жолдайды. Ұстаушының өтінішін қарау мерзімі Шарттың талаптарында айқындалады.

8. Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Картаға қатысты барлық мәселелер жөнінде «Kaspi Bank» АҚ-тың Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне тәулік бойы +7 (727) 258-59-65, 258 59 89, 9999 телефондары арқылы хабарласыңыздар (Қазақстан бойынша ұялы телефоннан тегін). Аймақтық Клиенттер көп арналы 8-800-080-1881 нөміріне хабарласа алады.